


HP LaserJet P4010 және P4510 Сериялы
принтерлері
Пайдаланушы Нұсқаулығы



HP LaserJet P4010 және P4510 Сериялы
принтерлері
Пайдаланушы Нұсқаулығы



Авторлық Құқық және Лицензия

© 2017 Copyright HP Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Edition 1, 9/2017

Тауар белгісі Тізімі

Adobe®, Acrobat® және PostScript® - Adobe Systems Корпорациясының тауар белгілері.

Microsoft®, Windows® және Windows®XP Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген тауар белгісі.

Windows Vista® - Microsoft корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе өзге ел/аймақтардағы тауар белгісі немесе тіркелген тауар белгісі.

UNIX® - Ашық Топтың тіркелген тауар белгісі.

ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) және ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) белгісі тіркелген АҚШ белгілері болып табылады.

Мазмұны

1 Өнімнің негізгі сипаттамалары

Өнімдерді салыстыру	2
HP LaserJet P4014 модельдері	2
HP LaserJet P4015 модельдері	3
HP LaserJet P4515 модельдері	4
Мүмкіндіктерді салыстыру	6
Өнімнің жалпы көрінісі	8
Алдыңғы көрінісі	8
Артынан көрінісі	8
Интерфейс порттары	9
Моделі және сериялық нөмірі көрсетілген жапсырма орны	9

2 Басқару панелі

Басқару панелінің жобасы	12
Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз	14
Мәзірлерді пайдалану	14
Қалай екенін көрсет мәзірі	15
Тапсырманы табу мәзірі	16
Ақпараттық мәзір	17
Қағазды қолдану мәзірі	18
Құрылғыны конфигурациялау мәзірі	19
Басып шығару қосымша мәзірі	19
Баспа сапасының қосымша мәзірі	21
Жүйені орнату қосымша мәзірі	25
Қапсырмалаушы/Жинақтаушы қосымша мәзірі	29
MBM-5 (бірнеше қалталы пошта жәшігі) қосымша мәзірі	29
I/O қосымша мәзірі	29
Қосымша мәзірді қайтарады	36
Диагностикалау мәзірі	38
Қызмет мәзірі	40

3 Windows арналған бағдарламалық құралдар

Windows үшін қолдаулы операциялық жүйелер	42
Windows жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері	43

HP Өмбебап Принтер Драйвері (UPD)	44
UPD орнату режимдері	44
Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз	45
Баспа параметрлерінің басымдықтары	46
Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту	47
Windows жүйесіне арналаған бағдарламалық құралды орнату түрлері	48
Windows жүйесінің бағдарламалық құралын жою.	49
Windows жүйесінің қолдаулы утилиталары	50
HP Web Jetadmin	50
Енгізілген Веб сервер	50
HP Easy Printer Care	50
Өзге операциялық жүйелерге арналған бағдарламалық құрал	52

4 Өнімді Macintosh компьютерімен пайдалану

Macintosh арналған бағдарламалық құралдар	54
Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер	54
Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері	54
Бағдарламалық құралды Macintosh операциялық жүйесінен жою	54
Macintosh жүйесіне арналған баспа баптауларының басымдылығы	54
Macintosh жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту	55
Macintosh оперативтік жүйесі орнатылған компьютерлерге арналған бағдарламалық құрал	56
HP Принтер утилиталары	56
HP Printer Utility (HP Принтер Утилиталарын) ашыңыз	56
HP Принтерінің мүмкіндіктері	57
Macintosh жүйесінің қолдаулы утилиталары	57
Енгізілген Веб сервер	57
Macintosh принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз	59
Баспа	59
Macintosh жүйесінде баспаның алдын ала орнатпаларын құру және пайдалану	59
Құжаттарды немесе баспаларды әдеттегі парақ мөлшеріне өзгерту	59
Мұқабаны басып шығару	60
Субелгілерін пайдалану	60
Macintosh жүйесінде бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару	60
Екі жаққа да басу (дуплексті басып шығару)	61
Степлер параметрлерін орнату	62
Тапсырмаларды сақтау	62
Қызметтер мәзірін пайдалану	63

5 Қосылу сипаттары

USB конфигурациясы	66
USB кабелін қосу	66

Желі конфигурациясы	67
Қолдаулы желілік протоколдар	67
Желілік өнімді конфигурациялаңыз	68
Желі параметрлерін көру немесе өзгерту	68
Желілік кілтсөзді орнату немесе өзгерту	68
IPv4 TCP/IP параметрлерін басқару панелінен қолмен конфигурациялау.	69
IPv6 TCP/IP параметрлерін басқару панелінен қолмен конфигурациялау.	69
Желілік протоколдарды өшіру (қосымша)	70
IPX/SPX, AppleTalk немесе DLC/LLC өшіріңіз	70
Сілтеме жылдамдығы және дуплекстеу параметрлері	71

6 Қағаз және баспа медиасы

Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы	74
Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының өлшемдері	75
Стандартты емес қағаз пішімдері	77
Қолдаулы қағаз және баспа құралдарының түрлері	78
Шығыс опциялары үшін қолдаулы қағаз түрлері	78
Шығыс опциялары үшін қолдаулы қағаз түрлері	78
Науа және қалта сыйымдылығы	80
Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар	81
Науаларды толтыру	83
Науаларды толтыру барысындағы қағаз бағыты	83
Бланктерді, алдын ала басылған немесе алдын ала тесілген қағазды салу	83
Конверттерді салу	83
1-Науаға салу	84
2-Науаға немесе қосымша 500-парақтық науаға салу	85
Қосымша 1 500-парақтық науаға салу	87
Науаларды конфигурациялау	90
Қағазды салғанда науаны конфигурациялау	90
Науаны баспа тапсырмасының параметрлеріне сәйкестендіру үшін конфигурациялаңыз.	90
Қағазды қолдану мәзірін пайдалана отырып науаны конфигурациялаңыз.	91
Қағазды қайнар көзі, түрі немесе өлшемі бойынша таңдаңыз.	91
Қайнар көз	91
Түрі және өлшемі	91
Қағазды шығару опцияларын пайдаланыңыз	93
Жоғарғы (стандартты) шығыс қалтасына басып шығару	93
Артық шығыс қалтасына басып шығару	93
Қосымша жинақтағышқа немесе қапсырмалаушы/жинақтағышқа басып шығару	94
5 қалталы пошта жәшігіне басып шығару	94

7 Өнім мүмкіндіктерін пайдаланыңыз

Үнемдеу параметрлері	98
Үнемдеу Режимі	98
Күту кідірісі	98
Күту кідірісін орнату	98
Күту режимін өшіру немесе қосу	99
Ояту уақыты	99
Іске қосуды орнату	99
Құжаттарды қапсырмалау	100
Тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктерін пайдалану	101
Сақталған тапсырманы жасау	101
Сақталған тапсырманы басып шығару	101
Сақталған тапсырманы жою	102

8 Баспа тапсырмалары

Баспа тапсырмасын тоқтату	104
Ағымдағы баспа тапсырмасын басқару панелінен тоқтату	104
Ағымдағы баспа тапсырмасын бағдарламалық құралдан тоқтату	104
Windows принтер драйверінің мүмкіндіктерін пайдаланыңыз	105
Принтер драйверін ашу	105
Басып шығару сілтемелерін пайдаланыңыз	105
Қағаз және сапа опцияларын орнату	105
Құжат әсерін орнату	106
Құжатты аяқтау опциясын орнату	106
Өнімнің шығыс опциясын орнату	107
Тапсырмаларды сақтау опциясын орнату	107
Қолдау және өнім мәртебесінің ақпаратын алу	108
Кеңейтілген басып шығару опцияларын орнатыңыз	109

9 Өнімді басқару және оған техникалық қызмет көрсету

Ақпарат пен қалай орындауды көрсететін беттерді басып шығару	112
HP Easy Printer Care бағдарламалық жасақты пайдалану	114
HP Easy Printer Care бағдарламалық құралын ашыңыз	114
HP Easy Printer Care бағдарламалық құрал бөлімдері	114
Енгізілген веб-серверін пайдалану	117
Енгізілген Веб серверді желілік қосылысты пайдалан отырып ашыңыз	117
Енгізілген Веб сервер бөлімдері	117
HP Web Jetadmin бағдарламалық құралын пайдалану	120
Қауіпсіздік мүмкіндіктерін пайдалану	121
IP Қауіпсіздігі	121
Енгізілген веб-серверді қауіпсіздендіру	121
Сақталған тапсырмаларды қауіпсіздендіру	121
Басқару панелінің мәзірлерін құрсаулау	121

Форматтаушының қаңқасын құлыптаңыз	122
Қамсыздандыру материалдарын басқару	124
Басып шығару картриджін сақтау	124
HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты	124
алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты	124
Қамсыздандыру материалдардың қызмет уақыты	124
Қамсыздандыру материалдары мен қосалқы бөлшектерді ауыстыру	125
Қамсыздандыру материалдарды ауыстыру жөніндегі жалпы нұсқаулар	125
Баспа картриджін ауыстыру	125
Қапсырмаларды салу	127
Сақтандыру шараларын орындау	128
Техникалық қызмет көрсету жиынтығының санауышын ығыстыру	129
Жадты, ішкі USB құрылғыларды және сыртқы баспа серверінің такшаларын орнату	130
Шолу	130
Жадты орнату	130
Өнім жадын орнату	130
DIMM модулінің орнатылуын тексеріңіз	134
Қорларды сақтау (тұрақты қорлар)	135
Windows жүйесіне жадты қосу	135
Ішкі USB құрылғыларын орнату	136
HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату	138
HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату	138
HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату	140
Өнімді тазалау	141
Сыртын тазалаңыз	141
Қағаз жолын тазалау	141
Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту	142
Микробағдарламалық жасақтаманың қазіргі нұсқасын анықтау	142
HP веб-торабынан жаңа микробағдарламалық жасақтаманы жүктеу	142
Жаңа микробағдарламалық жасақтаманы өнімге көшіру	142
FTP протоколын пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы брайзер арқылы жүктеңіз.	143
FTP протоколын пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы желілік байланысы арқылы жаңарту	143
HP Web Jetadmin пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту	144
Microsoft Windows пәрмендері арқылы микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту	145
HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту	145

10 Мәселелерді шешу

Жалпы ақаулықтарды түзету	148
ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі	148

Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар	149
Зауыттық параметрлерді қайтару	150
Басқару панеліндегі хабарларды аудару	151
Басқару панеліндегі хабарлардың түрі	151
Басқару панеліндегі хабарлар	151
Кептелулер	170
Кептелудің әдеттегі себептері	170
Қағаздың кептелген орны	171
Кептелген қағазды шығару	172
Жоғарғы қақпағындағы және баспа картриджінің аумағынан кептелген қағазды шығару	172
Қосымша әпергіштен кептелген қағазды алып тастаңыз	174
Науалардан кептелген қағазды шығару	175
1-Науадағы кептелген қағаздарды шығару	175
2-Науадағы немесе қосымша 500 парақтық науадағы кептелген қағаздарды шығару	176
1 500 парақтық науадан кептелген қағазды шығару	177
Қосымша дуплекстеушіден кептелген қағазды шығару	178
Термобекіткіш аймағындағы кептелген қағазды алып тастау	180
Шығыс жағындағы кептелген қағазды алып тастау	183
Артқы шығыс қалтасындағы кептелген қағазды алып тастау	184
Кептелген қағазды қосымша жинақтағыштан немесе қапсырмалағыш/жинақтағыштан алып тастаңыз	185
Кептелген қағазды қосымша 5 қалталы пошта жәшігінен алып тастау	187
Кептелу орнын басу	189
Басып шығару сапасының мәселелерін шешу	190
Қағазға байланысты баспа сапасының ақаулықтары	190
Ортаға байланысты баспа сапасы ақаулықтары	190
Кептелуге байланысты баспа сапасының ақаулықтары	190
Сурет ақаулықтарының мысалдары	191
Өнімділік ақаулықтарын түзету	196
Қосылу ақаулықтарын түзету	197
Тікелей жалғау ақаулықтарын түзету	197
Желілік ақаулықтарды түзету	197
Жалпы Windows ақаулықтарын түзету	199
Macintosh ақаулықтарын түзету	200
Linux жүйесіндегі мәселелерді шешу	203
Қосымша А Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар	
Қосалқы бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру	206
Тікелей HP компаниясына тапсырыс беру	206
Қызмет немесе қолдау қызметтері арқылы тапсырыс беріңіз	206

Тікелей HP Easy Printer Care бағдарламалық құралы арқылы тапсырыс беру	206
Бөлшектердің номерлері	207
Парақтармен жұмыс істейтін құралдар	207
Баспа картридждері	208
Техникалық қызмет көрсету жинағы	208
Жад	208
Кабельдер мен интерфейстер	209
Қағаз	209

Қосымша В Қызмет және Қолдау

Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі	213
Баспа картриджінің шектеулі кепілдігі жөніндегі мәлімдеме	215
Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі	216
Тұтынушыларды қолдау	217
HP техникалық қызмет көрсету келісімдері	218
Жүйе ішілік қызмет көрсету келісімдері	218
Келесі күнгі жүйе ішілік қызмет көрсету	218
Апталық (көлемді) жүйе ішілік қызмет көрсету	218
Құрылғыны қайтадан қорабына салу	218
Кеңейтілген кепілдік	219

Қосымша С Ерекшеліктер

Физикалық ерекшеліктері	222
Электрлік ерекшеліктер	223
Акустикалық сипаттамалар	224
Жұмыс ортасы	225

Қосымша D Нормативтік ақпарат

FCC ережелері	228
Қоршаған ортада өнімдерді басқару бағдарламасы	229
Қоршаған ортаны қорғау	229
Озон өндіру	229
Тұтынылатын қуат	229
Тонерді пайдалану	229
Қағаз пайдалану	229
Пластмасса	229
HP LaserJet баспаға арналған қамсыздандыру құралдары	229
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат	230
Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико	230
Көптік қайтарылымдар (бір картриджден көп)	230
Бір ғана картриджді қайтару	230
Тасымалдау	230
А.Қ.Ш. тыс қайтарылымдар	230

Қағаз	231
Материалдық шектеулер	231
Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы	231
Химиялық заттар	232
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS)	232
Қосымша ақпарат алу үшін	232
Сәйкестік декларациясы	233
Сәйкестік декларациясы	233
Қауіпсіздік мәлімдемелері	234
Лазерлік қауіпсіздік	234
Канада Сауда Министрлігінің ережелері	234
Кедергілер жөніндегі жапондық ерікті бақылау кеңесінің мәлімдемесі (Жапония) ...	234
Электр сымы жөніндегі мәлімдеме (Жапония)	234
Электромагниттік кедергілер жөніндегі мәлімдеме (Корея)	234
Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме	235
Заттар кестесі (Қытай)	236
Индекс	237

1 Өнімнің негізгі сипаттамалары


- Өнімдерді салыстыру
- Мүмкіндіктерді салыстыру
- Өнімнің жалпы көрінісі

Өнімдерді салыстыру

HP LaserJet P4014 модельдері


HP LaserJet P4014 принтер

CB506A




HP LaserJet P4014n принтер

CB507A



HP LaserJet P4014dn

CB512A



- Letter өлшемді қағаздың минутына 45 бетіне дейін (б/мин) немесе A4 өлшемді қағаздың минутына 43 бетіне дейін (б/мин) басып шығарады.
 - 96 мегабайттық (МБ) оперативті жадпен (RAM) жабдықталған. 608 МБ дейін кеңейтіле алады.
 - HP баспа картриджі, 10,000 дейін бетке арналған
 - 1-Науаға 100 дейін парақ сияды
 - 2-Науаға 500 дейін парақ сияды
 - 500-беттік басылған беті төмен қарайтын шығыс қалтасы
 - 100-беттік басылған беті жоғары қарайтын шығыс қалтасы
 - 4-жолды графикалық басқару панелінің дисплейі
 - Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты
 - Жақсартылған әперу/шығару (EIO) слоты
 - Бір қос желілі жад модулінің (DIMM) бір слоты
- HP LaserJet P4014 принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:
- Енгізілген HP Jetdirect желіге қосылуы
 - 128 МБ RAM жады бар. 640 МБ дейін кеңейтіле алады.
- HP LaserJet P4014n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:
- Автоматты түрде екі жаққа да басуға арналған дуплексті-баспа құралы

HP LaserJet P4015 модельдері

HP LaserJet P4015n принтер

CB509A




HP LaserJet P4015dn принтері

CB526A




HP LaserJet P4015tn принтер

CB510A



HP LaserJet P4015x принтер

CB511A



- Letter өлшемді қағаздың минутына 52 бетіне дейін (б/мин) немесе A4 өлшемді қағаздың минутына 50 бетіне дейін (б/мин) басып шығарады.
 - Енгізілген HP Jetdirect желіге қосылуы
 - 128 мегабайттық (МБ) оперативті жадпен (RAM) жабдықталған. 640 МБ дейін кеңейтіле алады.
 - HP баспа картриджі, 10,000 дейін бетке арналған
 - 1-Науаға 100 дейін парақ сияды
 - 2-Науаға 500 дейін парақ сияды
 - 500-беттік басылған беті төмен қарайтын шығыс қалтасы
 - 100-беттік басылған беті жоғары қарайтын шығыс қалтасы
 - 4-жолды графикалық басқару панелінің дисплейі
 - Санды пернетақта
 - Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты
 - Жақсартылған өперу/ шығару (EIO) слоты
 - Бір қос желілі жад модулінің (DIMM) бір слоты
- HP LaserJet P4015n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:
- Автоматты түрде екі жаққа да басуға арналған дуплексті-баспа құралы
- HP LaserJet P4015n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:
- Бір қосымша 500-парақтық өперу науасы (3-Науа)
- HP LaserJet P4015n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:
- Бір қосымша 500-парақтық өперу науасы (3-Науа)
 - Автоматты түрде екі жаққа да басуға арналған дуплексті-баспа құралы

HP LaserJet P4515 модельдері


HP LaserJet P4515n принтер

CB514A




HP LaserJet P4515tn принтер

CB515A




HP LaserJet P4515x принтер

CB516A



HP LaserJet P4515xm принтер

CB517A



- Letter өлшемді қағаздың минутына 62 бетіне дейін (б/мин) немесе A4 өлшемді қағаздың минутына 60 бетіне дейін (б/мин) басып шығарады.
- Енгізілген HP Jetdirect желіге қосылуы
- 128 мегабайттық (МБ) оперативті жадымен (RAM) жабдықталған. 640 МБ дейін кеңейтіле алады.
- HP баспа картриджі, 10,000 дейін бетке арналған
- 1-Науаға 100 дейін парақ сияды
- 2-Науаға 500 дейін парақ сияды
- 500-беттік басылған беті төмен қарайтын шығыс қалтасы
- 100-беттік басылған беті жоғары қарайтын шығыс қалтасы
- 4-жолды графикалық басқару панелінің дисплейі
- Санды пернетақта
- Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты

HP LaserJet P4515n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:

- Бір қосымша 500-парақтық өперу науасы (3-Науа)

HP LaserJet P4515n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:


- Бір қосымша 500-парақтық өперу науасы (3-Науа)
- Автоматты түрде екі жаққа да басуға арналған дуплексті-баспа құралы

HP LaserJet P4515n принтеріне ұқсас мүмкіндіктері бар, сонымен қатар:

- Бір қосымша 500-парақтық өперу науасы (3-Науа)
- Автоматты түрде екі жаққа да басуға арналған дуплексті-баспа құралы
- Тапсырмаларды сұрыптау үшін бір 500-парақтық, 5 қалталы пошта жәшігі

HP LaserJet P4515n
принтер

CB514A




HP LaserJet P4515tn
принтер

CB515A




HP LaserJet P4515x
принтер

CB516A



HP LaserJet P4515xm
принтер

CB517A



-
- Жақсартылған әперу/ шығару (EIO) слоты
 - Бір қос желілі жад модулінің (DIMM) бір слоты
-


Мүмкіндіктерді салыстыру

Мүмкіндік	Сипаттамасы
Өнімділігі	<ul style="list-style-type: none">540 МГц процессор
Пайдаланушы интерфейсі	<ul style="list-style-type: none">Басқару панелінің анықтамасыСаныдқ пернетақтасы бар 4 жолды графикалық дисплей. (Пернетақта HP LaserJet P4014 модельдерінде жоқ).HP Easy Printer Care бағдарламалық құралы (Вебке негізделген мәртебе және ақаулықтарды түзету құралы)Windows® және Macintosh принтер драйверлеріҚолдау алып, қамсыздандыру құралдарына тапсырыс беру үшін енгізілген Веб сервері (тек желіге қосылған модельдерде)
Принтер драйверлері	<ul style="list-style-type: none">Windows жүйесіне арналған HP PCL 5 Әмбебап Баспа Драйвері (HP UPD PCL 5)HP PCL 6Windows жүйесіне арналған HP postscript эмуляцияланған Әмбебап Баспа Драйвері (HP UPD PS)
Ажыратымдылық	<ul style="list-style-type: none">FastRes 1200 іскерлік мәтіндер мен графикаға жылдам, жоғары сапалы баспаның 1200 нүкте-дюймге (н/д) баспаны қамтамасыз етедіProRes 1200 штрих сызықты және графикалы суреттердің ең жақсы сапалы 1200 н/д баспаны қамтамасыз етеді600 н/д ең жылдам басып шығаруды қамтамасыз етеді
Сақтау мүмкіндіктері	<ul style="list-style-type: none">Қаріптер, қалыптар және басқадай макростарТапсырманы ұстап қалу
Қаріптер	<ul style="list-style-type: none">103 PCL үшін және 93 HP UPD postscript эмуляциясы үшін қол жетімді ішкі масштабталатын қаріп80 құрылғыдағыға сәйкес TrueType форматындағы бағдарламалық құрал шешімдерімен қолжетімді экрандық қаріпҚосымша қаріптерді USB арқылы қосып алуға болады
Керек-жарақтар	<ul style="list-style-type: none">HP 500-парақтық әперу науасы (төртке дейін қосымша науа)HP 1,500-парақтық жоғары сыйымдылықты әперу науасыHP LaserJet 75-парақтық конверт әпергішHP LaserJet принтер тұғырыHP LaserJet екі жақты баспаға арналған автоматты дуплекстеу құралыHP LaserJet 500-парақты жинақтағышHP LaserJet 500-парақты қапсырмалаушы/жинақтағышHP LaserJet 500-парақтық 5 қалталы пошта жәшігі <p>ЕСКЕРІМ: Әр модельде төртке дейін қосымша 500-парақтық әперу науасы немесе үш 500-парақтық әперу науасы және бір 1,500 парақтық жоғары сыйымдылықты әперу науасы болуы мүмкін. Егер 1,500 парақтық жоғары сыйымдылықты әперу науасы орнатылған босла, ол әрқашан басқа науалардың астында болуы тиіс.</p>

Мүмкіндік	Сипаттамасы
Қосылу сипаттары	<ul style="list-style-type: none"> ● Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты ● IPv4, IPv6, және IP Қауіпсіздік мүмкіндіктері бар HP Jetdirect толық қызметті енгізілген баспа сервері (HP LaserJet P4014 принтері үшін қосымша). ● HP Web Jetadmin бағдарламалық құралы ● Жақсартылған әперу/шығару (EIO) слоты
Қамсыздандыру материалдары	<ul style="list-style-type: none"> ● Қамсыздандыру материалдары мәртебесінің бетінде тонер мөлшері, бет санағы және қалған беттердің мөлшерлі саны сияқты ақпарат бар. ● Өнім шынайы HP баспа картриджінің орнатылғандығын тексереді. ● Интернетке қосылған қамсыздандыру материалдарына тапсырыс беру (HP Easy Printer Care пайдалану арқылы) мүмкіндігі
Қолдаулы операциялық жүйе	<ul style="list-style-type: none"> ● Microsoft® Windows® 2000, Windows® XP және Windows Vista™ ● Macintosh OS X, V10.2.8 , V10.3, V10.4, V10.5 және одан жаңасы ● Novell NetWare ● Unix® ● Linux
Қол жетімділігі	<ul style="list-style-type: none"> ● Интернеттегі пайдаланушы нұсқауы экрандық мәтін оқу құралдарымен үйлесімді. ● Баспа картриджін бір қолмен алып, салуға болады. ● Барлық есіктер мен жаппаларды бір қолмен ашып, жабуға болады. ● Қағазды 1-Науаға бір қолмен салуға болады.


Өнімнің жалпы көрінісі

Алдыңғы көрінісі



1	Үстіңгі шығыс қалтасы
2	Басқару панелі
3	Үстіңгі қақпағы (баспа картриджіне қол жеткізу мүмкіндігін береді)
4	1-Науа (ашу үшін тартыңыз)
5	2-Науа


Артынан көрінісі



1	Артқы шығыс қалтасы (ашу үшін тартыңыз)
---	---

2	Дуплекстеу құралының қақпағы (дуплекстеу құралын орнату үшін алып тастаңыз)
3	Интерфейс порттары
4	Оң жақ қақпағы (DIMM слотына қол жеткізу мүмкіндігін береді)
5	Қосу/өшіру ажыратқышы


Интерфейс порттары



1	RJ.45 Желілік қосылысы (HP LaserJet P4014 принтерінде жоқ)
2	EIO слоты
3	Қорек көзімен байланыс
4	Хост USB байланыс ұясы, қаріптер мен басқадай үшінші тарап шешімдерін қосып алу үшін (бұл байланыс ұясының шешілмелі қақпақшасы болуы мүмкін)
5	Кабель түріндегі қауіпсіздік ілмегінің слоты
6	Жоғары жылдамдықты USB 2.0 байланыс ұясы, тікелей компьютерге қосу үшін

Моделі және сериялық нөмірі көрсетілген жапсырма орны

Моделі және сериялық нөмірі көрсетілген жапсырма үстіңгі қақпақтың ішкі жағына орналасқан.




2 Басқару панелі

- [Басқару панелінің жобасы](#)
- [Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз](#)
- [Қалай екенін көрсет мәзірі](#)
- [Тапсырманы табу мәзірі](#)
- [Ақпараттық мәзір](#)
- [Қағазды қолдану мәзірі](#)
- [Құрылғыны конфигурациялау мәзірі](#)
- [Диагностикалау мәзірі](#)
- [Қызмет мәзірі](#)

Басқару панелінің жобасы

Басқару панелін өнім және тапсырма мәртебесі жөніндегі хабарларды алып, өнімді конфигурациялау үшін пайдаланыңыз.





Сан	Батрыма немесе шам	Қызметі
1	Басқару панелінің дисплейі	Мәртебе жөніндегі ақпаратты, мәзірлерді, анықтама мәліметтерін және қателік жөніндегі хабарларды көрсетеді
2	▲ Жоғарыға көрсеткіші	Тізімдегі алдыңғы тармаққа өткізеді немесе санды элементтердің мәндерін өсіреді
3	? Анықтама батырмасы	Басқару панелінің дисплейіндегі хабарлар туралы ақпарат береді
4	OK батырмасы	<ul style="list-style-type: none"> Тармақ бойынша таңдалған мәнді сақтайды Басқару панелінің дисплейінде бөлектелген тармақпен байланысты әрекетті орындайды Күй түзетуге келген жағдайда қателік жөніндегі хабарды өшіреді
5	⊗ Тоқтату батырмасы	Сол мезеттегі баспа тапсырмасын тоқтатып, өнімдегі қағаздарды шығарады
6	▼ Төменге көрсеткісі	Тізімдегі келесі тармаққа өткізеді немесе санды элементтердің мәндерін азайтады
7	↶ Артқа көрсеткісі	Мәзірде бір тармақ немесе енгізген бір санға кері қайтарады
8	📄 мәзір батырмасы	<ul style="list-style-type: none"> Мәзірлерді ашып, жабады.
9	Дайын шамы	<ul style="list-style-type: none"> On (Жанып тұр): Өнім желіде және басып шығару үшін деректерді қабылдауға дайын. Off (Өшіп тұр) Өнім деректерді қабылдай алмайды, себебі ол желіде жоқ (уақытша тоқтатылған) немесе қателікке тап болды. Blinking (Жылтылдап тұр): Өнім желіден шығуда. Өнім сол мезеттегі тапсырманы өңдеуді тоқтатып, қағаз жолына тартылған барлық қағазды шығарып тастайды.
10	Деректер шамы	<ul style="list-style-type: none"> On (Жанып тұр): Өнімде басып шығаратын деректер бар, бірақ ол деректердің толықтай қабылдануын күтуде. Off (Өшіп тұр) Өнімде басып шығаратын деректер жоқ. Blinking (Жылтылдап тұр): Өнімде деректерді өңдеуде немесе басып шығаруда.

Сан	Батрыма немесе шам	Қызметі
11	Назар аударыңыз шамы	<ul style="list-style-type: none"> ● On (Жанып тұр): Өнім қателікке тап болды. Басқару панелінің дисплейін қараңыз. ● Off (Өшіп тұр) Өнім қателіксіз жұмыс істеуде. ● Blinking (Жылтылдап тұр): Араласу қажет. Басқару панелінің дисплейін қараңыз.
12	<p>← Папка немесе STAR (Сенімді транзакцияға қатынас мүмкіндігін алу) түймешігі</p> <p>ЕСКЕРІМ: Бұл тармақ HP LaserJet P4014 принтерлерінде жоқ.</p>	ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ мәзіріне жедел қатынауды қамтамасыз етеді.
13	<p>C Өшіру батырмасы</p> <p>ЕСКЕРІМ: Бұл тармақ HP LaserJet P4014 принтерлерінде жоқ.</p>	Мәндерді өздерінің стандартты күйлеріне қайтарып, анықтама бөлімінен шығарады
14	<p>Санды пернетақта</p> <p>ЕСКЕРІМ: Бұл тармақ HP LaserJet P4014 принтерлерінде жоқ.</p>	Санды мәндерді енгізіңіз

Басқару панелінің мәзірлерін пайдаланыңыз

Басқару панелінің мәзірлеріне кіру үшін төмендегі адымдарды орындаңыз.

Мәзірлерді пайдалану

1. **мәзір**  батырмасын басыңыз.
2. Тізім бойынша жылжу үшін ▼ төмен көрсекісін немесе ▲ жоғары көрсеткісін басыңыз.
3. Сәйкес параметрді таңдау үшін **OK** батырмасын басыңыз.
4. Алдыңғы деңгейге қайту үшін ↶ артқа көрсекісін басыңыз.
5. Мәзірден шығу үшін **мәзір**  батырмасын басыңыз.
6. Тармақ бойынша қосымша ақпарат көру үшін ? анықтама батырмасын басыңыз.

Бұл негізгі мәзір болып табылады.

Негізгі мәзірлер

ҚАЛАЙ ЕКЕНІН КӨРСЕТ

ТАПСЫРМАНЫ ТАБУ

АҚПАРАТ

ҚАҒАЗДЫ ҚОЛДАНУ

ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ

ДИАГНОСТИКАЛАУ

ҚЫЗМЕТ


Қалай екенін көрсет мәзірі

ҚАЛАЙ ЕКЕНІН КӨРСЕТ мәзіріндегі кез келген таңдау көбірек ақпарат беретін бетті басып шығарады.

Тармақ	Түсіндіру
КЕПТЕЛУЛЕРДІ ТАЗАЛАУ	Кептелген бетті қалай алуға болатындығын көрсететін бетті басып шығарады.
НАУАЛАРДЫ ТОЛТЫРУ	Әперу науаларын қалай толтыратындығын көрсететін бетті басып шығарады.
АРНАЙЫ БАСПА ҚҰРАЫЛН САЛУ	Конверттер мен бланктер сияқты арнайы баспа құралдарын қалай салатындығын көрсететін бетті басып шығарады.
ЕКІ ЖАҚҚА ДА БАСЫП ШЫҒАРУ	Екі жақты (дуплексті) баспа қызметін қалай пайдалануға болатындығын көрсететін бетті басып шығарады. ЕСКЕРІМ: Дуплекстеу мәзірінің тармағы дуплекстеу жинағы үшін ғана көрінеді.
ҚОЛДАУЛЫ ҚАҒАЗ	Өнім қолдайтын қағаз түрлері мен өлшемдерін көрсететін бетті басып шығарады.
БАСЫП ШЫҒАРУ БОЙЫНША КӨМЕК НҰСҚАУЫ	Веб желісіндегі қосымша анықтама беттеріне сілтемелер беретін бетті басып шығарады.

Тапсырманы табу мәзірі

Бұл мәзір өнімде сақталған барлық тапсырмаларын тізімін беріп, тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сіз бұл тапсырмаларыңызды өнімнің басқару панелінен басып шығара аласыз немесе өшіре аласыз. Бұл мәзір өнімде негізгі жадының ең аз дегенде 80 МБ қалғанда шығарылады. Осы мәзірді пайдалану жөніндегі толығырақ ақпарат алу үшін [Тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктерін пайдалану 101-бетте](#) қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз өнімді өшірсеңіз, қосымша қатты диск орнатылмаған жағдайда барлық сақталған тапсырмалар жойылады.

ЕСКЕРІМ: Тікелей осы мәзірге өту үшін  папка батырмасын басыңыз.

Тармақ	Қосымша тармақ	Мәндер	Түсіндіру
ПАЙДАЛАНУШЫ АТЫ	БАРЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР (PIN КОДЫ БОЙЫНША)	БАСЫП ШЫҒАРУ ЖОЮ	USER NAME (ПАЙДАЛАНУШЫ АТЫ) Тапсырманы жіберген тұлғаны аты. <ul style="list-style-type: none">БАСЫП ШЫҒАРУ: Сіз PIN кодын енгізгеннен кейін таңдалған тапсырманы басып шығарады.COPIES (КӨШІРМЕЛЕР) Басып шығаратын көшірмелеріңіздің санын (1 ден 32000 дейін) белгілеңіз.ЖОЮ: Сіз PIN кодын енгізгеннен кейін таңдалған тапсырманы өнімнен жояды.
	БАРЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР (PIN КОДТАРЫНСЫЗ)	БАСЫП ШЫҒАРУ БАРЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЖОЮ	<ul style="list-style-type: none">БАСЫП ШЫҒАРУ: Таңдалған тапсырмаларды басып шығарады.ЖОЮ: Өнімдегі барлық тапсырмаларды жояды. Өнім барлық тапсырмаларды жоймас бұрын әрекетті растауды сұрайды.

Ақпараттық мәзір

АҚПАРАТ мәзірінде өнім мен оның конфигурациясы жөніндегі жете ақпаратты беретін өнімнің ақпараттық беті бар. Өзіңіз қалаған ақпараттық бетке өтіп, **OK** батырмасын басыңыз.

Тармақ	Түсіндіру
МӘЗІР КАРТАСЫН БАСЫП ШЫҒАРУ	Басқару панелі мәзірінің тармақтарының жобасы мен ағымдық параметрлерін көрсететін басқару панелі мәзірінің картасы.
БАСПА КОНФИГУРАЦИЯСЫ	Өнімнің ағымдық конфигурациясын басып шығарады. HP Jetdirect баспа сервері орнатылған жағдайда сонымен қатар HP Jetdirect конфигурациялау беті де басып шығарылады.
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ МӘРТЕБЕСІ БЕТІН БАСЫП ШЫҒАРУ	Өнімнің қамсыздандыру құралдарының деңгейлерін, қалған беттердің мөлшерлі санын, картридждің пайдаланылуы жөніндегі ақпаратты, сериялық нөмірді, бет санағын және тапсырыс беруге қажетті ақпаратты көрсететін қамсыздандыру құралдарының мәртебе бетін басып шығарады. Бұл бетті сіз тек шынайы HP қамсыздандыру құралдарын пайдаланған жағдайда ғана шығара аласыз.
ПАЙДАЛАНУ БЕТІН БАСЫП ШЫҒАРУ	Өнімнен өткен барлық қағаз өлшемдерінің санағын көрсететін, олардың бір жақты немесе екі жақты болғанын тізімдейтін бетті басып шығарады.
ФАЙЛ КАТАЛОГЫН БАСЫП ШЫҒАРУ	Барлық орнатылған деректер сақтау құрылғылары туралы ақпарат беретін файл каталогын басып шығарады. Бұл тармақ өнімде нақты файлдық жүйесі бар деректер сақтау құрылғылары орнатылған жағдайда ғана шығарылады.
PCL ҚАРІПТЕР ТІЗІМІН БАСЫП ШЫҒАРУ	Сол мезетте өнімде бар барлық PCL қаріптерін көрсететін PCL қаріптерінің тізімін басып шығарады.
PS ҚАРІПТЕР ТІЗІМІН БАСЫП ШЫҒАРУ	Сол мезетте өнімде бар барлық PS қаріптерін көрсететін PS қаріптерінің тізімін басып шығарады.

Қағазды қолдану мәзірі

Бұл тармақты әр науа үшін қағаз өлшемі мен түрін белгілеу үшін пайдаланыңыз. Өнім бұл мәліметерді ең жақсы ықтимал баспа сапасындағы беттерді басып шығару үшін пайдаланады. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз [Науаларды конфигурациялау 90-бетте](#).

Сонымен қатар, бұл мәзірдегі кейбір тармақтарға бағдарламалық құралдан немесе принтер драйверінен қол жеткізуге болады. Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
КОНВЕРТ ӘПЕРГІШІНІҢ ӨЛШЕМІ	Конверт әпергіші үшін жарамды қағаз өлшемдерінің тізімі	Бұл тармақты сол мезетте конверт әпергішке салынған қағаз өлшемдеріне сәйкес мәндерді орнату үшін пайдаланыңыз.
КОНВЕРТ ӘПЕРГІШІНІҢ ТҮРІ	Конверт әпергіші үшін жарамды қағаз түрлерінің тізімі	Бұл тармақты сол мезетте конверт әпергішке салынған қағаз түрлеріне сәйкес мәндерді орнату үшін пайдаланыңыз.
1НАУА ӨЛШЕМІ	1-Науа үшін жарамды қағаз түрлерінің тізімі	<p>Бұл тармақты сол мезетте 1-Науаға салынған қағаз өлшемдеріне сәйкес мәндерді орнату үшін пайдаланыңыз. Стандартты параметр КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ болып табылады.</p> <p>КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ: Егер 1-Науа үшін өлшем мен түрдің екеуі де ANY (Кез келген) деп орнатылған болса, өнім науаға қағаз салынған жағдайда қағазды 1-Науадан бірінші кезекте алады.</p> <p>КЕЗ КЕЛГЕН ӨЛШЕМ басқа қағаз өлшемі: Баспа тапсырмасының түрі мен өлшемі науаға салынғанның түрі мен өлшеміне сәйкес келмейінше өнім бұл науадағы қағазды алмайды.</p>
1НАУА ТҮРІ	1-Науа үшін жарамды қағаз түрлерінің тізімі	<p>Бұл тармақты сол мезетте 1-Науаға салынған қағаз түрлеріне сәйкес мәндерді орнату үшін пайдаланыңыз. Стандартты параметр КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ болып табылады.</p> <p>КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ: Егер 1-Науа үшін өлшем мен түрдің екеуі де ANY (Кез келген) деп орнатылған болса, өнім науаға қағаз салынған жағдайда қағазды 1-Науадан бірінші кезекте алады.</p> <p>КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ басқа қағаз өлшемі: Өнім бұл науадан алмайды.</p>
[N]НАУА ӨЛШЕМІ	2-Науа немесе қосымша науалар үшін жарамды қағаз өлшемдерінің тізімі	Науа өзінің ішіндегі бағыттаушылардың орналасуы бойынша қағаз өлшемдерін автоматты түрде анықтайды. Стандартты параметр болып 110 В жетекті өнімде LTR (letter) немесе 220 В жетекті өнімде A4 болып табылады.
[N]НАУА ТҮРІ	2-Науа немесе қосымша науалар үшін жарамды қағаз түрлерінің тізімі	Сол мезетте 2-Науаға немесе қосымша науаларға салынған қағаз түрлеріне сәйкес мәндерді орнатады. Стандартты параметр КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІ болып табылады.

Құрылғыны конфигурациялау мәзірі

Осы мәзірді стандартты басып шығару параметрлерін өзгерту, баспа сапасын реттеу және жүйе конфигурациясы мен I/O (кіріс/шығыс) опцияларын өзгерту үшін пайдаланыңыз.

Басып шығару қосымша мәзірі

Бұл мәзірдегі кейбір тармақтарға бағдарламалық құралдан немесе принтер драйверінен қол жеткізуге болады. Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие. Негізінен, мүмкін болған жағдайда бұл параметрлерді принтер драйверінде өзгерткен дұрыс.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
КӨШІРМЕЛЕР	1 бастап 32000 дейін	<p>1 бастап 32000 дейін кез келген санды таңдау арқылы көшірмелердің стандартты санын таңдаңыз. Көшірмелер санын енгізу үшін санды пернетақтаны пайдаланыңыз. Санды пернетақтасы жоқ өнімде көшірмелер санын таңдау үшін ▲ жоғары көрсеткісін немесе ▼ төмен көрсеткісін басыңыз. Бұл параметр көшірмелер саны көрсетілмейтін UNIX немесе Linux бағдарламасы сияқты бағдарламада немесе принтер драйверінде ғана қолданылады.</p> <p>Стандартты параметр болып 1 табылады.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Көшірмелер санын бағдарламада немесе принтер драйверінде өзгерткен дұрыс. (Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие).</p>
СТАНДАРТТЫ ҚАҒАЗ ӨЛШЕМІ	Бар қағаз өлшемдерінің тізімін көрсетеді.	<p>Қағаз бен конверттер үшін стандартты сурет өлшемін орнатыңыз. Бұл параметр қағаз өлшемі бағдарламалық құралда немесе принтер драйверінде нақты көрсетілмеген басып шығару тапсырмалары үшін қолданылды. Стандартты параметр ХАТ ӨЛШЕМІ болып табылады.</p>
СТАНДАРТТЫ БЕЙІМДЕЛГЕН ҚАҒАЗ ӨЛШЕМІ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ ХӨЛШЕМІ ҮӨЛШЕМІ	<p>1-Науа немесе кез келген 500-парақтық науа үшін стандартты бейімделген қағаз өлшемін орнатыңыз.</p> <p>ӨЛШЕМ БІРЛІГІ: Осы опцияны бейімделген өлшемді қағазды орнатқаныңызда өлшем бірлігін (INCHES (Дюймдерді) немесе MILLIMETERS (Миллиметрді)) таңдау үшін пайдаланыңыз.</p> <p>ХӨЛШЕМІ: Осы тармақты қағаз енін өлшеу (науа ішіндегі бір жағынан екінші жағына дейінгі аралықты өлшеу) үшін пайдаланыңыз. Аралық 76-дан 216 мм-ге (3.0-тен 8.50 дюймге) дейінді құрайды.</p> <p>ҮӨЛШЕМІ: Осы тармақты қағаз ұзындығын өлшеу (науа ішіндегі бір жағынан екінші жағына дейінгі аралықты өлшеу) үшін пайдаланыңыз. Аралық 127-ден 356 мм-ге (5.0-тен 14.0 дюймге) дейінді құрайды.</p>
ҚАҒАЗДЫҢ БАРАТЫН ЖЕРІ	Қағаздың мүмкін деткізу жерлерінің тізімін көрсетеді.	<p>Арнаулы шығыс қалтасын конфигурациялау. Тізім қандай шығыс құрылғылары орнатылғандығына байланысты өзгеріп отырады. Стандартты болып STANDARD TOP BIN (Стандартты жоғарғы қалта) табылады.</p>
ДУПЛЕКС	ӨШІРУЛІ ҚОСУЛЫ	<p>Бұл тармақ қосымша дуплекстеуші орнатылған жағдайда шығарылады. Парақтың екі жағына да басып шығару (дуплекстеу) үшін ҚОСУЛЫ мәнін немесе парақтың бір</p>

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
		жағына ғана басып шығару (симплекстеу) үшін ӨШІРУЛІ мәнін орнатыңыз. Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.
ДУПЛЕКСТІ БАЙЛАУ	ҰЗЫН ЖИЕГІ ҚЫСҚА ЖИЕК	Дуплексті принтер жиектерін біріктіруді өзгертіңіз. Бұл тармақ қосымша дуплекстеуші орнатылған жағдайда және ДУПЛЕКС мәні ҚОСУЛЫ болып орнатылғанда ғана шығарылады. Стандартты параметр ҰЗЫН ЖИЕГІ болып табылады.
АУЫСТЫРУ A4/LETTER	ЖОҚ ИӘ	Өнімге A4 өлшемді қағаз салынбаған жағдайда Letter өлшемді қағазға A4 өлшемді тапсырманы басып шығару үшін (немесе керсінше) ИӘ таңдаңыз. Стандартты параметр ИӘ болып табылады.
ҚОЛМЕН ӘПЕРУ	ӨШІРУЛІ ҚОСУЛЫ	Қағазды 1-Науадан қолмен әперу кез келген өзге науадан автоматты түрде әпергеннен басым. Егер MANUAL FEED=ON (Қолмен әперу - Қосулы) және 1-Науа бос болса, өнім баспа тапсырмасын алғанда қосылмайды. MANUALLY FEED [PAPER SIZE] (Қолмен әперу [Қағаз өлшемі]) хабары басқару панелінің дисплейіне шығарылады. Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.
КУРЬЕР ҚАРІПІ	ҚАЛЫПТЫ КҮҢГРТ	Курьер қарпінің нұсқасын басып шығару үшін пайдаланыңыз: ҚАЛЫПТЫ: HP LaserJet 4 сериялы өнімдерінде бар ішкі Курьер қаріптер. КҮҢГРТ: HP LaserJet III сериялы өнімдерінде бар ішкі Курьер қаріптер. Стандартты параметр ҚАЛЫПТЫ болып табылады.
КӨПТЕГЕН A4	ЖОҚ ИӘ	A4 өлшемді парақтың бір жолына басып шығарылуы мүмкін таңбалар санын өзгертеді. ЖОҚ: Бір жолға 10 аралықты таңбалардың 78 дейіні басып шығарылуы мүмкін. ИӘ: Бір жолға 10 аралықты таңбалардың 80 дейіні басып шығарылуы мүмкін. Стандартты параметр ЖОҚ болып табылады.
PS ҚАТЕЛІКТЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ	ӨШІРУЛІ ҚОСУЛЫ	PS қателіктер бетінің басып шығарылғандығын анықтайды. ӨШІРУЛІ: PS қателіктер бетін ешқашан басып шығармайды. ҚОСУЛЫ: PS қателіктер бетін PS қателіктері туындағанда басып шығарады. Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.
PDF ҚАТЕЛІКТЕРІН БАСЫП ШЫҒАРУ	ӨШІРУЛІ ҚОСУЛЫ	PDF қателіктер бетінің басып шығарылғандығын анықтайды. ӨШІРУЛІ: PDF қателіктер бетін ешқашан басып шығармайды. ҚОСУЛЫ: PDF қателіктер бетін PDF қателіктері туындағанда басып шығарады.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
		Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.
PCL ҚОСЫМША МӘЗІРІ	ҚАЛЫП БИІКТІГІ	Стандартты қағаз өлшемі үшін тік аралықты 5-тен 128-ге дейін жол етіп орнатады.
	БАҒЫТ	Стандартты бет бағытын LANDSCAPE (Ландшафт) немесе PORTRAIT (Портрет) етіп орнатады. ЕСКЕРІМ: Бет бағытын бағдарламада немесе принтер драйверінде өзгерткен дұрыс. (Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие).
	ҚАРИП ҚАЙНАР КӨЗІ	Қаріптер қайнар көзі ретінде INTERNAL (Ішкі) немесе EIO DISK (EIO Диск) таңдаңыз.
	ҚАРИП НӨМІРІ	Өнім әр қаріпке нөмір тағайындап, сол нөмірді PCL Қаріптер тізімінде көрсетеді. Қаріп нөмірі тізімнің Font # (Қаріп №) бағанында көрсетіледі. Ауқым 0-102 аралығын құрайды.
	ҚАРИП АРАЛЫҒЫ	Қаріп аралығын таңдаңыз. Бұл тармақ таңдалған қаріпке байланысты көрсетілмеуі мүмкін. Ауқым 0.44-99.99 аралығын құрайды.
	ҚАРИП НҮКТЕСІНІҢ ӨЛШЕМІ	Қаріп кешлін таңдаңыз. Ауқым 4.00-999.75 аралығын құрайды. Стандартты болып 12.00 табылады.
	ТАҢБАЛАР ЖИНАҒЫ	Өнімнің басқару панелінде бірнеше таңбалар жинағының кез келген бірін таңдаңыз. Таңбалар жинағы болып қаріптің барлық таңбаларының бірегей жинағы табылады. PC-8 немесе PC-850 графикалық таңбалар үшін ұсынылады.
	КАРЕТКА ҚАЙТАРУЫН ЖОЛ ТАСЫМАЛЫНА ҚОСУ	Өнім кері сыйысымды PCL тапсырмаларын (таза мәтінді, тапсырма басқарылуын емес) кездестіргенде каретканың жол тасымалының басына қайтарылуын қосу үшін ИӨ таңдаңыз. Кейбір орталарда, мысалы UNIX жүйесінде жаңа жолды тек жол тасымалын басқару кодын пайдалана отырып көрсетіңіз. Осы опцияны каретканың әрбір жол тасымалына қайтарылуын қосу үшін пайдаланыңыз.
	БОС БЕТТЕРДІ ЕЛЕМЕУ	Өзіңіздің жеке PCL жасағаныңызда, бір немесе бірнеше бос бет шығарылуы тиіс болған жағдайда қосымша бет тасымалдары қосылады. Бет бос болған жағдайда бет тасымалдарының еленбеуі үшін ИӨ таңдаңыз.
	БАСПА ҚҰРАЛЫ КӨЗІН ТҮРЛЕНДІРУ	Принтер драйверін пайдаланбағаныңызда немесе бағдарламалық құралдың науаларды таңдау опциясы болмаған жағдайда науаларды нөмірі бойынша таңдап, күтім жасаңыз. CLASSIC (КЛАССИКАЛЫҚ): Науаларды нөмірлеу HP LaserJet 4 және ертеректегі моделдеріне негізделген. STANDARD (СТАНДАРТТЫ): Науаларды нөмірлеу жаңа HP LaserJet моделдеріне негізделген.

Баспа сапасының қосымша мәзірі

Бұл мәзірдегі кейбір тармақтарға бағдарламалық құралдан немесе принтер драйверінен қол жеткізуге болады. Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие. Негізінен, мүмкін болған жағдайда бұл параметрлерді принтер драйверінде өзгерткен дұрыс.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
<p>ТІРКЕУ КЕЗЕКТІЛІГІ</p>	<p>ТЕКСЕРУ БЕТІН БАСЫП ШЫҒАРУ</p> <p>ҚАЙНАР КӨЗ</p> <p>[N] НАУАНЫ РЕТТЕУ</p>	<p>Жиектерін туралауды беттегі суреттің ортасынан жоғарыдан төмен және солдан оңға жылжытады. Сонымен қатар, сіз алдыңғы жақтағы басылған суретті өң ретінде басылған суретке өзгерте аласыз. Бір жақты және жақты баспа туралауына рұқсатты.</p> <p>ТЕКСЕРУ БЕТІН БАСЫП ШЫҒАРУ: Сол мезеттегі тіркеу параметрлерін көрсететін тексеру бетін басып шығарады.</p> <p>ҚАЙНАР КӨЗ: Өзінің тексеру бетін басып шығарғыңыз келетін науаны таңдаңыз.</p> <p>[N] НАУАНЫ РЕТТЕУ: Таңдалған науаның тіркеуін орнатады, бұндағы [N] науа саны болып табылады. Таңдау әрбір орнатылған науа бойынша шығарылып, тіркеуді әр науа үшін орындауға болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● X1 SHIFT: Қағаздағы суретті қағаздың науадағы жатқанындай бір жағынан екінші жағына тіркеу. Дуплекстеу үшін, бұл жағы болып қағаздың екінші жағы табылады. ● X2 SHIFT: Қағаздағы суретті қағаздың науадағы жатқанындай бір жағынан екінші жағына тіркеу, дуплекстелген парақтың бірінші (алдыңғы) жағы үшін. Бұл тармақ өнімнің ішкі дуплекстеушісі болып, ДУПЛЕКС ҚОСУЛЫ етіп орнатылған жағдайда ғана шығарылады. Алдымен X1 SHIFT орнатыңыз. ● Y SHIFT: Қағаздағы суретті қағаздың науадағы жатқанындай жоғарыдан төмен тіркеу. <p>ҚАЙНАР КӨЗ стандартты параметрі болып TRAY 2 (2-Науа) табылады. ADJUST TRAY 1 (1-Науаны реттеу) және ADJUST TRAY 2 (2-Науаны реттеу) үшін стандартты параметр болып 0 табылады.</p>
<p>ТЕРМОБЕКІТКІШ РЕЖИМДЕРІ</p>	<p>Қолжетімді қағаздар тізімі</p>	<p>Термобекіткіш режимдерін қағаздың әр түріне сәйкес конфигурациялайды.</p> <p>Термобекіткіш режимін нақты қағаз түріне басып шығару барысында қиыншылықтарға тап болғаныңызда ғана өзгертіңіз. Сіз қағаз түрін таңдағаныңыздан кейін сіз термобекіткіш режимін сол түрге сәйкес таңдай аласыз. Өнім келесідей режимдерді қолдайды:</p> <p>ҚАЛЫПТЫ: Қағаз түрлерінің көбі үшін пайдаланылады.</p> <p>ЖЕҢІЛ1: Қағаз түрлерінің көбі үшін пайдаланылады.</p> <p>ЖЕҢІЛ2: Осы режимді умаж баспа құралына тап болғаныңызда таңдаңыз.</p> <p>АУЫР: Тегіс емес қағаз үшін пайдаланылады.</p> <p>Термобекіткіштің стандартты режимі болып барлық баспа құралдарының түрі үшін ЖЕҢІЛ1 табылады, диапозитивтер (ЖЕҢІЛ2) және тегіс емес қағаздан (АУЫР) өзге.</p>

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
		<p>ЕСКЕРТУ: Диапозитивтерге арналған термобекіткіш режимін өзгертпеңіз. Диапозитивтерді басып шығару барысындағы ЖЕҢІЛ2 параметрін пайдалану мүмкінсіздігі өнім мен термобекіткішті ұзағынан зақымдауы мүмкін. Әрқашан Transparencies (Диапозитивтер) түрін баспа драйверінде таңдап, өнімнің басқару панелінде науаны ДИАПОЗИТИВ деп орнатыңыз.</p> <p>ҚАЙТАРУ РЕЖИМДЕРІ таңдалғанда, ол әрбір қағаз түрінің термобекіткіш режимін өзінің стандартты параметріне қайтарады.</p>
<p>ОЙҢТАЙЛЫЛАНДЫРУ</p> <p>Қағаз түрі бойынша оңтайлыландырудың орнына (немесе қосымша түрде) барлық тапсырмалар үшін кейбір параметрлерді оңтайлыландырады.</p>	<p>ЖЕЛІ ЖЕТЕСІ</p> <hr/> <p>ОҢТАЙЛЫЛАНДЫРУДЫ ҚАЙТАРУ</p>	<p>Айқын емес бейнелер болу жағдайында осы параметрді қосыңыз.</p> <hr/> <p>Осы тармақты барлық ОЙҢТАЙЛЫЛАНДЫРУ параметрлерді ӨШІРУЛІ етіп өзгерту үшін пайдаланыңыз.</p>
<p>АЖЫРАТЫМДЫЛЫҚ</p>	<p>300</p> <p>600</p> <p>FASTRES 1200</p> <p>PRORES 1200</p>	<p>Ажыратымдылықты таңдаңыз. Барлық мәндер бір жылдамдықпен басылып шығарылады.</p> <p>300: Жоба сапасын шығарып, өнімнің HP LaserJet III тобымен үйлесу үшін пайдаланыла алады.</p> <p>600: Мәтіндер үшін жоғары баспа сапасын шығарып, өнімнің HP LaserJet 4 тобымен үйлесу үшін пайдаланыла алады.</p> <p>FASTRES 1200: Бизнес мәтіндерінің немесе графикасының 1200 н/д жылдам, жоғары сапалы баспасын қамтамасыз етеді.</p> <p>PRORES 1200: Штрихты суреттер мен графикалық суреттердің 1200 н/д жылдам, жоғары сапалы баспасын қамтамасыз етеді.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Ажыратымдылықты бағдарламада немесе принтер драйверінде өзгерткен дұрыс. (Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие).</p> <p>Стандартты параметр FASTRES 1200 болып табылады.</p>
<p>ТАБУ</p>	<p>ӨШІРУЛІ</p> <p>ЖЕҢІЛ</p> <p>ОРТАША</p> <p>КҮҢГІРТ</p>	<p>Ажыратымдылықты жақсарту технологиясы (REt) параметрін біркелкі бұрыштарға, қисық сызықтарға және жиектерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.</p> <p>Басып шығару сапасы FastRes 1200 немесе ProRes 1200 етіп орнатылған жағдайда REt баспа сапасына әсер етпейді. Барлық баспа ажыратымдылықтары REt тиімді.</p> <p>ЕСКЕРІМ: REt параметрлерін бағдарламада немесе принтер драйверінде өзгерткен дұрыс. (Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие).</p> <p>Стандартты параметр ОРТАША болып табылады.</p>
<p>ҮНЕМДЕУ РЕЖИМІ</p>	<p>ҚОСУЛЫ</p> <p>ӨШІРУЛІ</p>	<p>Үнемдеу режимі өнімге әр бетке азырақ тонер пайдалану мүмкіндігін беретін мүмкіндік болып табылады. Бұл опцияны таңдау қамсыздандыру материалының тонерінің</p>

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
		<p>қызмет мерзімін ұзартып, әр беттің өзіндік құнын төмендетеді. Дегенмен, ол баспа сапасын да төмендетеді. Басып шығарылған бет ашығырақ болады, бірақ жобалар мен тексерулер үшін жарамды.</p> <p>HP компаниясы үнемі Үнемдеу режимін пайдалана беруді ұсынбайды. Үнемдеу режимі үнемі пайдаланылаған жағдайда қамсыздандыру материалындағы тонер баспа картриджінің механикалық бөлігінің қызмет мерзімінен асып кетуі мүмкін. Егер баспа сапасы осы себептерге байланысты нашарлай бастаған жағдайда сізге ескі қамсыздандыру материалындағы тонер қалғанына қарамастан жаңа баспа картриджін орнату қажет етіледі.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Үнемдеу режимін бағдарламада немесе принтер драйверінде қосқан дұрыс. (Бағдарламалық құрал мен принтер драйверінің параметрлері басқару панелінің параметрлерінен басым күшке ие).</p> <p>Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.</p>
ТОНЕР ҚОЮЛЫҒЫ	1-ден 5-ке дейін	Беттің басып шығарылуын тонер қоюлығының параметрі арқылы ашықтау немесе қоюрақ ету. 1 (ашық) 5 (қою) аралығында параметр таңдаңыз. Стандартты параметр болып табылатын 3 әдетте ең жақсы нәтиже береді.
АВТО ТАЗАЛАУ	ӨШІРУЛІ ҚОСУЛЫ	<p>Осы опцияны өнім белгілі бір парақ санын басып шығарғаннан кейін автоматты түрде тазалап отыру үшін пайдаланыңыз. ТАЗАЛАУ АРАЛЫҒЫ тармағын беттер санын белгілеу үшін пайдаланыңыз.</p> <p>Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.</p>
ТАЗАЛАУ АРАЛЫҒЫ	1000 2000 5000 10000 20000	<p>Бұл тармақ АВТО ТАЗАЛАУ қосылған жағдайда ғана шығарылады.</p> <p>Өнім өзінен кейін тазалауды орындауы тиіс бет санын таңдаңыз.</p>
АВТО ТАЗАЛАУ ӨЛШЕМІ	ХАТ ӨЛШЕМІ A4	<p>Бұл тармақ АВТО ТАЗАЛАУ қосылған жағдайда ғана шығарылады.</p> <p>Тазалау бетін автоматты түрде жасау мақсатымен бет өлшемін көрсету үшін пайдаланыңыз.</p>
ТАЗАЛАУ БЕТІН ҚҰРУ	Таңдайтын мән жоқ.	Тазалау бетін басып шығару үшін (термобекіткіштегі тонерді тазалау үшін) OK батырмасын басыңыз. Тазалау бетіндегі нұсқауларды орындаңыз. Көбірек ақпарат алу үшін, қараңыз Қағаз жолын тазалау 141-бетте .
ТАЗАЛАУ БЕТІН ӨНДЕУ	Таңдайтын мән жоқ.	Бұл тармақ тазалау беті жасалғаннан кейін ғана шығарылады. Тазалау бетінде басып шығарылған нұсқауларды орындаңыз. Тазалау процессі 2.5 минутқа дейін уақытты алуы мүмкін.

Жүйені орнату қосымша мәзірі

Осы мәзір тармақтары өнім сипаттарына әсер етеді. Өнімді өзіңіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес конфигурациялаңыз.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
КҮНІ/УАҚЫТЫ	КҮНІ КҮН ФОРМАТЫ УАҚЫТ УАҚЫТ ФОРМАТЫ	Күн және уақыт параметрлерін орнатады.
ТАПСЫРМАЛАРДЫ САҚТАУ ШЕКТЕУЛЕРІ	1-ден 100-ге дейін	Өнімде сақталуы мүмкін жедел көшіру тапсырмаларының санын белгілейді. Стандартты параметр болып 1 табылады.
ТАПСЫРМАНЫ ҰСТАП ТҰРУ ҮЗІЛІСІ	ӨШІРУЛІ 1 САҒАТ 4 САҒАТ 1 КҮН 1 АПТА	Ұстап қалынған тапсырма кезектен автоматты түрде жойылмас бұрын сақталатын уақытты белгілейді. Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.
АДРЕСТІ КӨРСЕТУ	АВТО ӨШІРУЛІ	Өнім желіге қосылған жағдайда IP адресі дисплейді көрсетілуін белгілейді. Егер АВТО таңдалған болса, өнімнің IP адресі Дайын хабарымен көрсетіледі. Стандартты параметр ӨШІРУЛІ болып табылады.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
НАУА СИПАТТАМАЛАРЫ	МІНДЕТТІ НУАУНЫ ПАЙДАЛАНУ	<p>Сіз баспа драйверінде бір науаны таңдағаныңызда өнім қағазды басқа науадан алуға тырысуын таңдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● EXCLUSIVELY (ЕРЕКШЕ): Өнім қағазды тек сіз белгілеген науадан ғана алып, ол бос болған жағдайдың өзінде басқа науадан алмайтынын белгілейді. ● FIRST (БІРІНШІ): Өнім қағазды алдымен сіз белгілеген науадан алып, ол бос болған жағдайда автоматты түрде басқа науадан алуын белгілейді.
	ҚОЛМЕН ӘПЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС	<p>Баспа тапсырмаңыз кез келген басқа науадағы қағаз түріне немесе өлшеміне сәйкес келмеген жағдайда өнімнің сізге қағазды 1-Науадан алу қажеттігі жөніндегі кеңес беруін таңдаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● ALWAYS (ӘРҚАШАН): Осы параметрді өнімнің 1-Науадан қағаз алуының алдында әрқашан кеңес берілуін қаласаңыз таңдаңыз. ● UNLESS LOADED (САЛЫНҒАНША): 1-Науа бос болған жағдайда ғана кеңес береді.
	PS БАСПА ҚҰРАЛДАРЫН КІДІРТУ	<p>PostScript (PS) немесе HP қағаз қолдану модельдерінің қайсысының баспа тапсырмаларында пайдаланылатындығын бақылайды. ENABLE (Қосулы) PS мүмкіндігіне HP қағаз қолдану модельдерін кешіктіруге әкеп соғады. DISABLE (Өшірулі) PS қағаз қолдану модельдерін пайдаланады.</p>
	ӨЛШЕМІ/ТҮРІ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР	<p>Науа конфигурациясының хабары мен оның кеңестері науаның ашық-жабықтығына қарамай көрсетілуін бақылайды. Бұл кеңестер сізге науа өзіне салынған қағаз түрі мен өлшемінен өзге түр мен өлшемге конфигурацияланған жағдайда түр мен өлшемді белгілеу жөнінде нұсқау береді.</p>
	БАСҚА НУАНЫ ПАЙДАЛАНУ	<p>Басқа науаны таңдау үшін кеңесті қосыңыз немесе өшіріңіз.</p>
	ДУПЛЕКСТІ БОС БЕТТЕР	<p>Қосымша дуплекстеуші орнатылған жағдайда өнімнің бос беттерді қарастыру жолын орнатыңыз. Ең жылдам орындалу үшін АВТО таңдаңыз. Парақ бір жағынан ғана басып шығарылса да оны әрқашан дуплекстеуші арқылы жіберу үшін ИӘ таңдаңыз.</p>
	2-НАУА МОДЕЛІ	<p>2-Науаның STANDARD TRAY (Стандартты науа) немесе CUSTOM TRAY (Бейімделген науа) болуын белгілеңіз.</p>
	СУРЕТТІ БҰРУ	<p>Шығару керек-жарағы орнатылған жағдайда өнімнің суретті бетке қалай орналастыратынын белгілейді.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● STANDARD (СТАНДАРТТЫ): Өнім суретті автоматты түрде бұрып, сіз шығару керек-жарағы жалғанған жағдайдың өзінде қағазды әрқашан бір жолмен сала аласыз. ● ALTERNATE (БАЛАМА): Өнім суретті автоматты түрде бұрмайды, сондықтан да сізге шығару керек-жарағының түріне байланысты қағазды әрқашан түрлі жолмен салуға тура келеді.

Тармақ	Мәндер	Түсіндіру
 **ЕСКЕРІМ:** Бұл процедураны тек техникалық қызмет көрсету жиынтығы орнатылғаннан кейін орындаңыз. Бұл процедураны **PERFORM PRINTER MAINTENANCE** (ПРИНТЕРГЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІҢІЗ) хабарын уақытша өшіру үшін пайдаланбаңыз.

Жадты, ішкі USB құрылғыларды және сыртқы баспа серверінің такшаларын орнату

Шолу

Форматтаушыда өнімнің мүмкіндіктерін арттыратын келесі ашық ұяшықтар мен порттар бар:

- Өнімнің жадын көбейтуге арналған бір қос ішкі жад модулі (DIMM)
- Қаріптерді, тілдерді және бөтен жақтың шешімдерін қосуға арналған екі USB порт
- Сыртқы баспа серверді, сыртқы қатқыл дискті немесе параллельді портты қосуға арналған бір сыртқы I/O (EIO) ұяшығы.

Егер өнімде HPJetdirect баспа сервері орнатылған болса, сіз EIO ұяшығына қосымша желілік құрылғы қосуыңызға болады.


Компоненттер жөнінде ақпарат алу үшін [Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар 205-бетте](#) көріңіз.

Өнімде қанша жад орнатылғанын немесе USB порттарында, EIO ұяшығында не орнатылғанын білгіңіз келсе, конфигурация бетін басып шығарыңыз.

Жадты орнату


Егер сіз құрамды графиканы, PostScript (PS) құжаттарды жиі басып шығаратын болсаңыз немесе көптеген қаріптерді қолданатын болсаңыз, сіз өніміңізге қосымша жад қосқыңыз келуі мүмкін. Қосымша жад сізге тез көшіру функциясы сияқты тапсырмаларды сақтау мүмкіндіктерін қолдауға қосымша икемділік береді.

Бұл өнім, 128МБ жады орнатылған болса, PDF файлдарын басып шығаруды қолдайды. Алайда, ең жоғарғы өнімділікке жету үшін жадты кемінде 192МБ дейін жаңартыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Алғашқы HPLaserJet өнімдерінде қолданылған жалаң ішкі жад модульдері (SIMMs) өніммен сыйыспайды.


Өнім жадын орнату

Бұл өнімде бір DIMM ұяшығы бар.


 **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр DIMM модульдерін зақымдауы мүмкін. DIMM модульдерін ұстаған кезде, статикаға қарсы білезік тағып алыңыз, не болмаса жиі DIMM модульдерінің статикаға қарсы орауышын ұстап, содан кейін құрылғыдағы жалаң металды ұстаңыз.

Егер әлі олай жасамаған болсаңыз, қосымша жад қосар алдында қанша жад орнатылғанын білу үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. [Ақпарат пен қалай орындауды көрсететін беттерді басып шығару 112-бетте](#) қараңыз.


1. Конфигурация беті басылып шыққан соң, өнімді өшіріп, электр бауын ажыратыңыз.




2. Барлық интерфейс кабельдерін ажыратыңыз.




3. Оң жақ панелін өнімнің артына қарай ысырып, босатып шығарыңыз.



4. Есігін темір тұтқасынан тартып ашыңыз.




5. DIMM модульді антистатика орауышынан шығарып алыңыз.




△ **ЕСКЕРТУ:** Статикалық электр тоғынан туындайтын зиян қатерін төмендету үшін, әрқашанда статикаға қарсы білезік тағыңыз немесе DIMM модульдерімен жұмыс істеу алдында, статикаға қарсы орауышын ұстаңыз.


6. DIMM модулін шеттерінен ұстап, оның ойықтарын ұяшыққа дәлдеңіз. (DIMM ұяшығының екі жағындағы құлыптардың ашық екенін тексеріп алыңыз.)




7. DIMM модулін ұшыққа қатты басып кіргізіңіз. DIMM модулінің екі жағындағы құлыптары орнына отырғанына көз жеткізіңіз.




 **ЕСКЕРІМ:** DIMM модулін алып тастау үшін алдымен құлыптарын босатыңыз.




8. Есігін жауып, ол орнына отырғанынша, қатты басыңыз.



9. Оң жақтық панельді қайта орнатыңыз. Панельдің тілшіктерін өнімнің ұяшықтарына дәлдеп, панельді өнімнің алдыңғы жағына, ол орнына сырт етіп отырғанынша, итеріңіз.



10. Интерфейс кабельдері мен электр бауын қайта жалғаңыз.



11. Өнімді қайта қосыңыз.

DIMM модулінің орнатылуын тексеріңіз

DIMM модулін орнатып болған соң, оның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

1. Өнімді қосыңыз. Өнім іске қосу процессін орындаған соң, Дайын шамы қосылып тұрғанын тексеріңіз. Егер қателік туралы хабар шықса, DIMM модулі дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін. [Басқару панеліндегі хабарларды аудару 151-бетте](#) қараңыз.
2. Конфигурация бетін басып шығарыңыз ([Ақпарат пен қалай орындауды көрсететін беттерді басып шығару 112-бетте](#) қараңыз).
3. Конфигурация бетіндегі жад бөлімін тексеріп, жадты орнату алдында басылып шыққан конфигурация бетімен салыстырыңыз. Егер жадтың көлемі көбеймеген болса, DIMM модулі дұрыс орнатылмаған немесе ақауы бар болуы мүмкін. Орнату процедурасын қайталаңыз. Қажет болса, басқа DIMM модулін орнатыңыз.


ЕСКЕРІМ: Егер өнімнің тілін (ерекшелік) орнатқан болсаңыз, конфигурация бетіндегі «Орнатылған Ерекшеліктер мен Опциялар» бөлімін тексеріңіз. Бұл жерде жаңа өнімнің тілдері тізімделуі керек.

Қорларды сақтау (тұрақты қорлар)

Өнімге көшірген утилиталарыңыздың немесе тапсырмаларыңыздың құрамында кейбір кезде қорлар болады (мысалы: қаріптер, макростар немесе әшекейлер). Тұрақты ретінде іштей белгіленген қорлар өнімнің жадында, сіз өнімді өшіргеніңізге дейін, сақталып тұрады.

Егер қорларды тұрақты ретінде белгілеуге бетті түсіндіру тілін (PDL) қолдансаңыз, келесі нұсқауларды орындаңыз. Техникалық егжей-тегжейлерін алу үшін PCL немесе PS арналған тиісті PDL нұсқауын қараңыз.

- Ресурстардың, өнім өшірілмейінше жадта сақталып тұрғаны аса қажет болмаса, оларды тұрақты ретінде белгілемеңіз.
- Тұрақты қорларды өнімге тапсырманы басып шығару кезінде емес, оның басында жіберіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Тұрақты қорларды өте көп пайдалану немесе оларды басып шығару кезінде көшіру өнімнің өнімділігіне немесе құрмалас беттерді басып шығару қабілетіне әсер етеді.

Windows жүйесіне жадты қосу

1. **Windows XP and Windows Server 2003 (using the default Start menu view)** (Windows XP және Windows Server 2003 (стандартты Бастау мәзірін пайдалана отырып): **Start** (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers and Faxes** (Принтерлер мен факстар) тармағын таңдаңыз.

–немесе–

Windows 2000, Windows XP, and Windows Server 2003 (using the Classic Start menu view) (Windows 2000, Windows XP және Windows Server 2003 (классикалық Бастау мәзірін пайдалан отырып): **Start** (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers** (Принтерлер) тармағын таңдаңыз.

–немесе–


Windows Vista: Start (Бастау) мәзіріндегі **Control Panel** (Басқару Панелі) тармағын нұқып, одан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық Құралдар және Дыбыс) санатынан **Printer** (Принтер) тармағын таңдаңыз.

2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Properties (Таңдаулылар)** мәзірін таңдаңыз.
3. **Device Settings (Құрал Параметрлері)** жиекбелгісін таңдаңыз.
4. **Installable Options** (Орнатылатын Опциялар) аумағын ашыңыз.
5. **Printer Memory** (Принтер Жады) тармағының қасынан орнатылған жадтың жалпы көлемін таңдаңыз.
6. **OK** батырмасын басыңыз.


Ішкі USB құрылғыларын орнату

Өнімде екі ішкі USB порт бар.


1. Өнімді өшіріп, электр бауын ажыратыңыз.




2. Барлық интерфейс кабельдерін ажыратыңыз.




3. Оң жақ панелін өнімнің артына қарай ысырып, босатып шығарыңыз.




4. Есігін темір тұтқасынан тартып ашыңыз.




5. Форматтаушы тақтасының табан жағында USB порттарын табыңыз. USB құрылғыны сол бір порттардың біреуіне салыңыз.




6. Есігін жауып, ол орнына отырғанынша, қатты басыңыз.



7. Оң жақтық панельді қайта орнатыңыз. Панельдің тілшіктерін өнімнің ұяшықтарына дәлдеп, панельді өнімнің алдыңғы жағына, ол орнына сырт етіп отырғанынша, итеріңіз.



8. Интерфейс кабельдері мен электр бауын қайта жалғаңыз.



9. Өнімді қайта қосыңыз.


HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату

ЕІО тақашсын орнату немесе алып тастау үшін, мына процедураларды орындаңыз.

HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату


1. Өнімді өшіріңіз.

2. Өнімнің артқы жағындағы EIO ұяшығынан екі бұран мен қақпақшаны шешіп алыңыз.




ЕСКЕРІМ: Бұрандарды немесе қақпақшаны лақтырмаңыз. EIO карталарын шешшеңіз, оларды болашақ пайдалануға сақтап қойыңыз.

3. EIO картасын EIO ұяшығына орнатып, бұрандарды қатайтыңыз.



4. EIO картасы



5. Өнімді қосыңыз. Содан соң, жаңа EIO құрылғысы табылғанын анықтау үшін конфигурация бетін басып шығарыңыз. [Ақпарат пен қалай орындауды көрсететін беттерді басып шығару 112-бетте](#) қараңыз.

ЕСКЕРІМ: Конфигурация бетін басып шығарған кезде, желінің конфигурациясы және қалпы туралы ақпараты бар HPJetdirect конфигурация беті де басылып шығады.

HPJetdirect баспа серверінің карталарын орнату

1. Өнімді өшіріңіз.
2. Желілік кабелді EIO картасынан.
3. Екі бұранды EIO картасынан босатыңыз, содан соң EIO картасын EIO ұяшығынан алып тастаңыз.
4. EIO ұяшығанан қақпақшаны өнімнің артына орналастырыңыз. Екі бұранды орнатып, тартыңыз.
5. Өнімді қосыңыз.


Өнімді тазалау


Басып шығару кезінде принтердің ішінде қағаз, тонер және шаң жиналып қалуы мүмкін. Уақыт өткен сайын бұл жиналған қоқыс баспаның сапасына әсер етеді, мысалы, тонер дақ түсуі немесе жағылуы мүмкін ([Басып шығару сапасының мәселелерін шешу 190-бетте](#) қараңыз).

Сыртын тазалаңыз


Құрылғының сыртындағы шаңды, дақтарды, жағылғандарды сүртіп тастау үшін жұмсақ және мамық шүберекті пайдаланыңыз.

Қағаз жолын тазалау

1. **Menu** (Мәзір)  батырмасын басыңыз.
2. ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **CONFIGURE DEVICE** (ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ) тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.
3. ▼ төмен батырмасын **PRINT QUALITY** (БАСПА САПАСЫ) бөлектеу үшін басып, одан кейін **OK** басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер өніміңізде автоматты дуплекстеуші бар болса, 7-ші қадамға өтіңіз.

4. ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **CREATE CLEANING PAGE** (ТАЗАЛАУ БЕТІН ЖАСАУ) тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.
5. 1 науасынан барлық қағаздарды алып тастаңыз.
6. Өшіру қағазды шығыс қалтасынан алып тастап, 1 науасына бетін төмен қаратып салыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер сіз мәзірлердің ішінде болмасаңыз, алғашқы нұсқауларға еріп, **PRINT QUALITY** (БАСПА САПАСЫ) дегенге барыңыз .

7. Өнімнің басқару панелінде **PROCESS CLEANING PAGE** (ТАЗАЛАУ БЕТІН ӨҢДЕУ) дегенді бөлектеу үшін ▼ төмен көрсеткісін басып, **OK** батырмасын басыңыз.

Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Бұл өнімнің микробағдарламалық жасақтамасында қашықтан жаңарту (RFU) мүмкіндігі бар. Өнімнің микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін осы ақпаратты пайдаланыңыз.

Микробағдарламалық жасақтаманың қазіргі нұсқасын анықтау


1.  мәзірін басыңыз.
2. ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **INFORMATION** (АҚПАРАТ) тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.
3. ▼ төменгі көрсеткісін басу арқылы **PRINT CONFIGURATION** (КОНФИГУРАЦИЯНЫ БАСЫП ШЫҒАРУ) тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.

Микробағдарламалық жасақтаманың дереккодтары **Device Information** (Құрылғы жөніндегі ақпарат) бөліміндегі Конфигурация бетінде тізімделеді. Микробағдарламалық жасақтаманың дереккодтарының пішімі мынадай: ЖЖЖЖААКК ХХ.ХХХ.Х. Сандар тізбегінің бірінші бөлшегі күнді білдіреді. Оның ішінде, ЖЖЖЖ жылын, АА айын, ал КК күнін білдіреді. Мысалы, микробағдарламалық жасақтаманың 20061125 деген дереккоды 2006 жылдың 25 қарашасын білдіреді.

HP веб-торабынан жаңа микробағдарламалық жасақтаманы жүктеу


Өнімге арналған микробағдарламалық жасақтаманың ең соңғы нұсқасын табу үшін www.hp.com/go/ljp4010series_software немесе www.hp.com/go/ljp4510series_software торабына барыңыз. Бұл бетте микробағдарламалық жасақтаманың жаңа нұсқасын көшіріп алу жөнінде нұсқаулар беріледі.

Жаңа микробағдарламалық жасақтаманы өнімге көшіру


 **ЕСКЕРІМ:** Өнім «дайын» қалпында тұрған кезде .RFU файл жаңартуын қабылдауы мүмкін.

Жаңартуды аяқтауға қалған уақыт I/O жіберу және өнімнің қайта іске қосылу қажетті уақытына байланысты. I/O жіберу уақыты бірталай шарттарға байланысты, соның ішінде, жаңартуды жіберетін хост-компьютердің жылдамдығына. Егер микробағдарламалық жасақтаманы қашықтан жаңарту процессі толық аяқталмай (басқару панелінің бейнебетінде **Жетілдіруді алу** хабары көрсетіліп тұрған кезде) үзілсе, онда жаңарту файлы қайта жіберілуі керек. Егер флэш DIMM модулін жаңарту кезінде (басқару панелінің бейнебетінде **Жаңартылуда** хабары көрсетіліп тұрған кезде) электр қорегі өшіп қалса, онда жаңарту процессі тоқтатылып, басқару панелінің дисплейінде **Жетілдіруді қайта жіберу** хабары (тек ағылшын тілінде) шығады. Бұл жағдайда жаңартуды параллельді порт арқылы жіберуіңіз керек. Содан соң, жаңарту сұратуы өңделмей тұрып кезекте RFU тапсырмасының алдында тұрған тапсырмалар орындалады.


FTP протоколын пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы браузер арқылы жүктеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту процессінде энергияға тәуелсіз оперативті сақтау құрылғысының (NVRAM) пішімі өзгереді. Бастапқы параметрлерден өзгерген мәзір параметрлері стандартты параметрлерге қайта оралуы мүмкін. Егер сізге стандарттыдан өзге параметрлер қажет болса, онда оларды қайта өзгертуіңіз қажет.


1. Қолданып отырған Интернет браузеріңіз FTP тораптарындағы файл папкаларын қарауға бапталғандығын тексеріңіз. Бұл нұсқаулар Microsoft Internet Explorer бағдарламасына арналған.
 - a. Браузерді ашып, **Tools** (Құралдар) мәзірінен **Internet Options** (Интернет параметрлері) тармағын таңдаңыз.
 - b. **Advanced** (Кеңейтілген) жиекбілгесін шертіңіз.
 - c. **Enable folder view for FTP sites** (FTP тораптарындағы файл папкаларын көруді қосу) атаулы құсбелгі көзін белгілеңіз.
 - d. **ОК** батырмасын басыңыз.
2. Конфигурация бетін басып шығарып, EIO Jetdirect бетінде көрсетілген TCP/IP адресі қарап алыңыз.
3. Браузер терезесін ашыңыз.
4. Браузердің адрес жолына `ftp://<АДРЕС>` теріңіз. Бұндағы <АДРЕС> өнімнің адресін білдіреді. Мысалы, егер TCP/IP адресі 192.168.0.90 болса, `ftp://192.168.0.90` теріңіз.
5. Өнімге арналған .RFU файлын табыңыз.
6. Браузер терезесінде .RFU файлды **PORT1** белгішесіне апарып тастаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Өнім өшіріледі. Содан соң, өздігінен қайта қосылып, жаңарту процессін бастайды. Жаңарту процесі аяқталған соң өнімнің басқару панелінде **Дайын** хабары көрсетіледі.


FTP протоколын пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы желілік байланысы арқылы жаңарту

 **ЕСКЕРІМ:** Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту процессінде энергияға тәуелсіз оперативті сақтау құрылғысының (NVRAM) пішімі өзгереді. Бастапқы параметрлерден өзгерген мәзір параметрлері стандартты параметрлерге қайта оралуы мүмкін. Егер сізге стандарттыдан өзге параметрлер қажет болса, онда оларды қайта өзгертуіңіз қажет.

1. HP Jetdirect бетіндегі IP адресі қарап алыңыз. Конфигурация бетін басып шығару кезінде HP Jetdirect беті екінші болып басылып шығады.

 **ЕСКЕРІМ:** Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту алдында өнім Күту режимінде емес екенін тексеріп алыңыз. Сонымен қатар, басқару панелінің дисплейінде ешқандай қателік туралы хабардың жоғын тексеріп алыңыз.

2. Компьютеріңізде MS-DOS пәрмен терезесін ашыңыз.
3. Келесіні теріңіз: `ftp TCP/IP АДРЕС>`. Мысалы, егер TCP/IP адресі 192.168.0.90 болса, `ftp://192.168.0.90` теріңіз.
4. Микробағдарламалық файлдың сақталған жеріне барыңыз.

5. Пернетақтада **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
 6. Пайдаланушының аты қажет етілсе, **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
 7. Күпия сөз қажет етілсе, **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз.
 8. Пәрмен терезесінде `bin` теріңіз.
 9. **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз. Пәрмен терезесінде **200 Types set to I, Using binary mode to transfer files** (200 Түрлері I-ге қойылған, Файлдарды жіберуге бинарлық режимді пайдалануда) хабары көрсетіледі.
 10. `put`, одан кейін файлдың атын теріңіз. Мысалы, егер файлдың аты `LJP4015.RFU` болса, `put LJP4015.RFU` теріңіз.
 11. Көшіру процесі басталып, өнімнің микробағдарламалық жасақтамасы жаңартылады. Бұл процесс шамамен бес минут уақытыңызды алады. Енді өнімнің немесе компьютеріңіздің жұмысына араласпай, жаңарту процестің аяқталуын күтіңіз.
-
-  **ЕСКЕРІМ:** Жаңарту процесі аяқталған соң, өнім өздігінен өшіріліп, қайта қосылады.
12. Пәрмен терезесінде келесіні теріңіз: `bye` - ftp пәрменінен шығу үшін.
 13. Пәрмен терезесінде келесіні теріңіз: `exit` - Windows интерфейсіне оралу үшін.

HP Web Jetadmin пайдаланып, микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Бұл іс ретін орындау үшін компьютеріңізде HP Web Jetadmin жасақтамасының 7.0 немесе одан кейінгі нұсқасы орнатылған болуы керек. Жалғыз өнімді HP Web Jetadmin арқылы жаңарту үшін HP веб-торабынан `.RFU` файлын жүктеген соң, келесі қадамдарды орындаңыз.


1. HP Web Jetadmin жұмысын бастаңыз.
2. **Navigation** (Шарлау) панеліндегі ашылмалы тізімнен **Device Management** (Құрылғыны Басқару) папкасын ашыңыз. **Device Lists** (Құрылғылар Тізімдері) папкасына өтіңіз.
3. **Device Lists** (Құрылғылар Тізімдері) папкасын ашып **All Devices** (Барлық Құрылғылар) тармағын таңдаңыз. Құрылғылар тізімінен өнімді тауып алып, таңдаңыз.

Егер өнімдерге арналған микробағдарламалық жасақтаманы жаңартқыңыз келсе, **Ctrl** пернесі арқылы барлығын белгілеп таңдаңыз.
4. Терезенің жоғарғы оң жағынан **Device Tools** (Құрылғы құралдары) тармағының ашылмалы тізімін табыңыз. Әрекеттер тізімінен **Update Printer Firmware** (Принтер микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту) тармағын таңдаңыз.
5. Егер `.RFU` файлдың аты **All Available Images** (Барлық бейнелер) тізімінде жоқ болса, **Upload New Firmware Image** (Жаңа микробағдарламалық жасақтаманың бейнесін жүктеу) тілқатысу терезесінде **Browse** (Шолу) батырмасын басып, осы процедураның басында веб-торабынан сіз көшіріп алған `.RFU` файлдың орналасқан жеріне барыңыз. Егер файлдың аты тізімде бар болса, таңдаңыз.
6. **Upload** (Жүктеу) батырмасын басып, `.RFU` файлын қатқыл дискіңізден HP Web Jetadmin серверіне жүктеңіз. Жүктеу аяқталған соң браузер терезесі жаңартылады.

7. **Printer Firmware Update** (Принтер микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту) ашылмалы мәзірінен .RFU файлды таңдаңыз.
8. **Printer Firmware Update** (Микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту) дегенді шертіңіз. HP Web Jetadmin таңдалған .RFU файлды өнімге жібереді. Басқару панелі жаңарту барысын көрсететін хабарларды шығарады. Жаңарту процессінің соңында басқару панелі **Дайын** хабарын көрсетеді.

Microsoft Windows пәрмендері арқылы микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту

Микробағдарламалық жасақтаманы желілік байланыс арқылы жаңарту үшін келесі нұсқауларға еріңіз.

1. **Start** (Бастау) мәзірінен **Run** (Іске қосу) батырмасын басыңыз. Содан соң, `cmd` пәрменін теріп, пәрмен терезесін ашыңыз.
 2. Келесіні теріңіз: `copy /B FILENAME> \\COMPUTERNAME\SHARENAME>, бұндағы <FILENAME> .RFU файлының атын (оның ішіне, орналасқан жерінің жолы), <COMPUTERNAME> ортақтас өнім орналасқан компьютердің атын, ал <SHARENAME> өнімнің ортақтас атын білдіреді. Мысалы: C:\>copy /b C:\LJP4015.RFU \YOUR_SERVER\YOUR_COMPUTER.`
-
-  **ЕСКЕРІМ:** Егер файлдың атында немесе жолында бос аралық болса, сіз файлдың атын немесе жолды тырнақшаға жабуыңыз тиіс. Мысалы, келесіні теріңіз: `C:\>copy /b "C:\MY DOCUMENTS\LJP4015.RFU" \\YOUR_SERVER\YOUR_COMPUTER.`
-
3. Пернетақтада **Enter** (Енгізу) батырмасын басыңыз. Басқару панелі микробағдарламалық жасақтаманы жаңарту барысын көрсететін хабарды шығарады. Жаңарту процессінің соңында басқару панелі **Дайын** хабарын көрсетеді. Компьютеріңіздің дисплейінде **One File Copied** (Бір файл көшірілді) хабары көрсетіледі.

HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту

Өнімдегі HP Jetdirect желілік интерфейсында өнімнің микробағдарламалық жасақтамасынан бөлек жаңартылатын микробағдарламалық жасақтама бар. Бұл іс ретін орындау үшін компьютеріңізде HP Web Jetadmin жасақтамасының 7.0 немесе одан кейінгі нұсқасы орнатылған болуы керек. Келесі қадамдарды орындап, HP Web Jetadmin арқылы HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз.

1. HP Web Jetadmin жасақтамасын ашыңыз.
2. **Navigation** (Шарлау) панеліндегі ашылмалы тізімнен **Device Management** (Құрылғыны Басқару) папкасын ашыңыз. **Device Lists** (Құрылғылар Тізімдері) папкасына өтіңіз.
3. Сіз жаңартқыңыз келетін өнімді таңдаңыз.
4. **Device Tools** (Құрылғы құралдары) ашылмалы тізімінен **Jetdirect Firmware Update** (Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту) тармағын таңдаңыз.
5. **Jetdirect firmware version** (Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасының нұсқасы) тармағының астында HP Jetdirect моделінің нөмірі мен микробағдарламалық жасақтаманың қазіргі нұсқасы көрсетіледі. Келесілерді ескеріңіз.
6. http://www.hp.com/go/wja_firmware торабына барыңыз.
7. HP Jetdirect моделінің нөмірлер тізімінен жазып алған модельдің нөмірін тауып алыңыз.

8. Модельге көрсетілген микробағдарламалық жасақтамасының қазіргі нұсқасын қарап, ол жазып алған нұсқадан жаңалау немесе ескілеу екенін тексеріңіз. Егер ол жаңалау болса, онда микробағдарламалық жасақтамасының сілтемесін шертіп, веб-бетінде берілген нұсқауларды орындау арқылы микробағдарламалық жасақтамасының файлын көшіріңіз. Бұл файл HP Web Jetadmin жасақтамасы жұмыс істеп тұрған компьютеріңіздегі келесі папкаға сақталу керек: <диск>:\PROGRAM FILES\HP WEB JETADMIN\DOC\PLUGINS\HPWJA\FIRMWARE\JETDIRECT.
9. HP Web Jetadmin жасақтамасында негізгі өнім тізіміне оралып, сандық жіберушіні қайтадан таңдаңыз.
10. **Device Tools** (Құрылғы құралдары) ашылмалы тізімінен **Jetdirect Firmware Update** (Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңарту) тармағын таңдаңыз.
11. HP Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасының бетінде жаңа жасақтамасының нұсқасы **Jetdirect Firmware Available on HP Web Jetadmin** (HP Web Jetadmin жасақтамасындағы Jetdirect микробағдарламалық жасақтамалар) тармағында тізімделеді. **Update Firmware Now** (Микробағдарламалық жасақтаманы Қазір Жаңарту) батырмасын басып, Jetdirect микробағдарламалық жасақтамасын жаңартыңыз.

10 Мәселелерді шешу

- [Жалпы ақаулықтарды түзету](#)
- [Зауыттық параметрлерді қайтару](#)
- [Басқару панеліндегі хабарларды аудару](#)
- [Кептелулер](#)
- [Басып шығару сапасының мәселелерін шешу](#)
- [Өнімділік ақаулықтарын түзету](#)
- [Қосылу ақаулықтарын түзету](#)
- [Жалпы Windows ақаулықтарын түзету](#)
- [Macintosh ақаулықтарын түзету](#)
- [Linux жүйесіндегі мәселелерді шешу](#)

Жалпы ақаулықтарды түзету

Егер өнімнен дұрыс жауап келмесе, келесі тексеру тізімдегі қадамдарды орындаңыз. Егер өнім сол қадамнан өтпесе, келесі ақаулықтарды түзету ұсыныстарын орындаңыз. Егер орындаған қадам ақаулықты түзетсе, сіз тексеру тізімдегі қалған қадамдарды орындамай тоқтануыңызға болады.

ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі

1. Өнімнің Дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер ешқандай шам жанып тұрмаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
 - a. Электр қорек кабелінің қосылған жерлерін тексеріңіз.
 - b. Электр қосқышы қосылып тұрғанын тексеріңіз.
 - c. Желілік кернеу өнімнің қуат конфигурациясына дұрыс екенін тексеріңіз. (Кернеу талаптары жөнінде өнімнің артқы жағындағы белгіден қараңыз.) Егер сіз қуат қалыбын қолданып, оның кернеу талаптары ерекшеліктерге сай болмаса, өнімді тікелей қорек розеткасына қосыңыз. Егер ол қорек розеткасына қосылып тұрған болса, басқа розеткаға қосып көріңіз.
 - d. Егер осы әрекеттердің бірде біреуі көмектеспесе, HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
2. Кабельді тексеріңіз.
 - a. Өнім мен компьютердің немесе желілік порттың арасындағы кабельдің қосылған жерлерін тексеріңіз. Қосылған жерлері мықты екенін тексеріңіз.
 - b. Мүмкін болса, кабельдің өзі сау екенін басқа кабельді қолдану арқылы тексеріңіз.
 - c. Желілік байланысты тексеріңіз. [Желілік ақаулықтарды түзету 197-бетте](#) қараңыз.
3. Басқару панелінің дисплейінде басқа хабарлардың бар-жоғын қараңыз. Егер қате туралы хабар шықса, [Басқару панеліндегі хабарларды аудару 151-бетте](#) қараңыз.
4. Сіз қолданып отырған қағазыңыз ерекшеліктерге сай келетінін тексеріңіз.
5. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. [Ақпарат пен қалай орындауды көрсететін беттерді басып шығару 112-бетте](#) қараңыз. Егер өнім желіге қосылған болса, HP Jetdirect беті де басылып шығады.
 - a. Егер бет басылып шықпаса, кемінде бір науада қағаздың бар екенін тексеріңіз.
 - b. Егер қағаз кептеліп қалса, [Кептелген қағазды шығару 172-бетте](#) қараңыз.
6. Егер конфигурация беті басылып шықса, келесіні тексеріңіз.
 - a. Егер бет дұрыс басылып шықпаса, онда ақаулық өнімнің аппараттық құрылғысында болуы керек. HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.
 - b. Егер бет дұрыс басылып шықса, онда өнімнің ақпараттық құрылғысы жұмыс істеп тұрғаны. Проблема пайдаланып отырған компьютеріңізде, принтер драйверінде немесе бағдарламалық жасақта.
7. Келесінің бірін таңдаңыз:

Windows: Start (Бастау) мәзіріндегі **Settings** (Параметрлер) тармағын нұқып, одан кейін **Printers** (Принтерлер) немесе **Printers and Faxes** (Принтерлер мен Факстар) тармағын таңдаңыз. Өнімнің атын қос нұқыңыз.

–немесе–


Mac OS X: Print Center (Басып Шығару Орталығы) немесе **Printer Setup Utility** (Принтерді орнату утилитасы) тармағын ашып, өнімнің жолын қос нұқыңыз.

8. Өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанын анықтаңыз. Бағдарламалық жасақты қарап, өнімге арналған принтер драйверін орнатылғанына көз жеткізіңіз.
9. Жұмыс істеп тұрған бөтен бағдарламалық жасақтамадан қысқа құжатты басып шығарыңыз. Егер басылып шықса, онда ақаулық сіз пайдаланып отырған бағдарламалық жасақтамада болуы мүмкін. Егер басылып шықпаса, келесі қадамдарды орындаңыз:
 - a. Тапсырманы өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылған басқа бір компьютерден басып шығарып көріңіз.
 - b. Егер сіз өнімді желіге қосқан болсаңыз, онда ол өнімді компьютерге тікелей USB кабелімен қосыңыз. Өнімді тиісті портқа бағыттаңыз немесе сіз қолданып отырған жаңа қосылудың түрін таңдап, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз.

Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар


Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жайт бар:

- Өнімнің бір минутта шығаратын бет санымен (бет/мин) өлшенетін ең жоғарғы жылдамдығы
- Арнайы қағаз пайдалану үшін (мысалы: диапозитив, қалын қағаз және өзгекртілмелі өлшемді қағаз)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графика құрамының күрделілігі мен көлемі
- Пайдаланып отырған компьютеріңіздің жылдамдығы
- USB байланысы
- Принтердің I/O конфигурациясы
- Өнімде орнатылған жад көлемі
- Желілік операциялық жүйесі мен конфигурациясы (егер қатысы бар болса)

 **ЕСКЕРІМ:** Қосымша жад өнімнің құрмалас графиканы өңдеу мүмкіндігін жетілдіріп, жүктеу уақытын азайтатын болса да, ол өнімнің ең жоғарғы жылдамдығын (бет/мин) арттыра алмайды.

Зауыттық параметрлерді қайтару


ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУЛЕР мәзірі арқылы зауыттық параметрлерді қайтарыңыз.

1. **Menu**  (Мәзірі) батырмасын басыңыз.
2. ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ** тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.
3. ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУЛЕР** тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.
4. Өнімнің стандартты зауыттық параметрлерін қайтару үшін ▼ төменге көрсеткісін басу арқылы **ЗАУЫТТЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРДІ ҚАЙТАРУ** тармағын бөлектеп, **OK** басыңыз.

Басқару панеліндегі хабарларды аудару

Басқару панеліндегі хабарлардың түрі

Басқару панеліндегі хабарлардың төрт түрі өнімнің қалпын немесе мәселелерін көрсете алады.

Хабар түрі	Сипаттамасы
Қалпы туралы хабары	Қалпы туралы хабарлар өнімнің қазіргі қалпын көрсетеді. Олар өнімнің қалыпты жұмыс істегенін көрсетіп, оларды өшіруді қажет етпейді. Өнімнің қалпы өзгерген кезді, оларда өзгереді. Өрқашан өнімнің тапсырмалары аяқталып, ешқандай ескерту хабарлары болмай, жұмысқа дайын болып және желіге қосылып тұрған кезде, Ready (Дайын) деген қалпы туралы хабар көрсетіледі.
Ескерту хабарлары	Ескерту хабарлары деректер немесе баспа қателері туралы хабарлайды. Бұл хабарлар Ready (Дайын) немесе қалпы туралы хабарларымен ауысып тұрады және OK басылғаннанша өзгермейді. Кейбір ескерту хабарларды өшіруге болады. Егер CLEARABLE WARNINGS (ӨШІРИЛЕТІН ХАБАРЛАР) өнімнің ҚҰРЫЛҒЫНЫ КОНФИГУРАЦИЯЛАУ мәзірінде JOB (ТАПСЫРМА) дегенге қойылған болса, келесі баспа тапсырмалары бұл хабарларды өшіреді.
Қате туралы хабарлар	Қате хабарлар іс-әрекет, мысалы қағазды салу немесе кептелген қағазды алып тастау, қажет екендігін хабарлайды. Кейбір қате туралы хабарлар өздігінен жалғастырылады. Егер AUTO-CONTINUE (ӨЗДІГІНЕН ЖАЛҒАСТЫРУ) мәзірлерді қойылған болса, өздігінен жалғастырылатын хабар 10 секундке шығып өшкеннен кейін өнім қалыпты жұмысын жалғастырады. ЕСКЕРІМ: Өздігінен жалғастырылатын қате туралы хабардың 10 секундке шыққан кезінде кез келген бір батырманы бассаңыз, сол хабар өшіріліп, батырманың функциясы орындалады. Мысалы,  батырмасын бассаңыз, баспа жұмысы тоқтатылып, баспа тапсырмасын жою мүмкіндігі ұсынылады.
Аса маңызды қате туралы хабарлар	Аса маңызды қате туралы хабарлар өнімнің істен шығуын хабарлайды. Осындай хабарлардың кейбіреуін өнімді өшіріп, қайта қосу арқылы өшіруге болады. Бұл хабарларға AUTO-CONTINUE (ӨЗДІГІНЕН ЖАЛҒАСТЫРУ) параметрі әсер етпейді. Егер аса маңызды қате туралы хабар өшірілмесе, онда өнімге техникалық қызмет көрсету қажет.

Басқару панеліндегі хабарлар

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<X> ДИСКТИ ТАЗARTУ % АЯҚТАЛДЫ Электр қорегін өшірмеңіз келесімен ауысып тұрады	Сақтау құрылғысы санитарлық өңдеуден немесе тазартудан өтуде. Электр қорегін өшірмеңіз. Өнім функцияларын пайдалану мүмкін емес. Аяқталған соң, өнім өздігінен өшіріліп, қайта қосылады.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.
<X> ДИСКТИ ТАЗARTУ % АЯҚТАЛДЫ Көмек алу үшін басыңыз ? (Көмек алу үшін, басыңыз)		
<XX> НАУА АШЫҚ Анықтама алу үшін ? басыңыз келесімен ауысып тұрады	[X] науасы ашық болғандықтан, науа қағазды өнімге бере алмайды. Баспаны жалғастыру үшін ол жабық болуы керек.	Науаларды тексеріп, ашық тұрғандарын жабыңыз.
<Қазіргі мәртебесі туралы хабар>		

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p><XX> НАУАДА ӨЛШЕМНІҢ СӘЙКЕССІЗДІГІ БАЙҚАЛДЫ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>Қазіргі мәртебесі туралы хабар</p>	<p>Көрсетілген науаға конфигурациямен бекітілген өлшемнен басқа көлемді қағаз жүктелген.</p>	<p>Науаға конфигурациямен бекітілген өлшем қағазын жүктеңіз.</p> <p>Көрсетілген науада бағыттаушылардың дұрыс тұрғанын тексеріңіз. Баспа операциясы басқа науалардан жалғаса алады.</p>
<p><XX> НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ</p> <p>To change press (Өзгерту үшін ▲/▼ басыңыз).</p> <p>To use press (Пайдалану үшін ОК басыңыз)</p>	<p>Өнім сұранған парақтың түрі мен өлшемін анықтай алмады. Хабар ең ықтимал түрі мен өлшемін және оларды қолдайтын науаны көрсетеді.</p>	<p>Хабарда көрсетілген мәндерді қабылдау үшін OK басыңыз немесе ▲/▼ төменгі көрсеткі арқылы қажеттісін таңдаңыз.</p>
<p><XX> НАУАНЫҢ КӨТЕРІЛГЕНІН ҚҰТУДЕ</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p><Қазіргі мәртебесі туралы хабар></p>	<p>Көрсетілген науа қағазды дұрастып беру үшін оны науаның жоғарғы жағына көтеруде.</p>	<p>Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.</p>
<p><XX> НАУАСЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ]</p> <p>Өлшемін немесе түрін өзгерту үшін OK басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p><XX> НАУАСЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ]</p> <p>Теңшеулерді қабылдау үшін ↵ басыңыз</p>	<p>Бұл хабар қағаз науасының қазіргі түрі мен өлшем конфигурациясын көрсетеді және сол конфигурацияны өзгертуге мүмкіндік береді.</p>	<p>Қағаздың өлшемін немесе түрін өзгерту үшін, хабар көрсетіліп тұрған кезінде OK басыңыз. Хабарды өшіру үшін, хабар көрсетіліп тұрған кезінде ↵ кейін көрсеткіні басыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Егер науа әр түрлі және өлшемді қағаздарға жиі пайдаланылса, өлшем мен түрді ANY (КЕЗ КЕЛГЕН) дегенге қойыңыз. Егер бір түрлі қағаз пайдаланылса, өлшем мен түрдің бір ғана параметрін белгілеңіз.
<p><XX> НАУАСЫН [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p>	<p>Көрсетілген науа баспа тапсырмасына қажетті бір түрге және өлшемге конфигурацияланған, бірақ науа бос. Басқа науалардың барлығы да бос.</p>	<p>Көрсетілген науаға сұранған қағазды салыңыз</p>
<p><XX> НАУАСЫН [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін OK басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p><XX> НАУАСЫН [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p>	<p>Көрсетілген науада жоқ түрі мен өлшемін қажет ететін тапсырма жіберілген.</p>	<p>Басқа науада бар парақтың түрі мен өлшемін пайдалану үшін OK басыңыз.</p>
<p><XX> НАУАСЫН ЕНГІЗІҢІЗ НЕМЕСЕ ЖАБЫҢЫЗ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p>	<p>Көрсетілген науа бос немесе жоқ.</p>	<p>Баспа операциясын жалғастыру үшін, науаны кіргізіңіз немесе жабыңыз.</p>
<p><ҚАЛТА АТЫ> ТӨМЕНДЕТІҢІЗ</p>	<p>Қосымша қалта жоғарғы орында тұр.</p>	<p>Қалтаны төмендетіңіз.</p>

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Анықтама алу үшін басыңыз (Анықтама алу үшін ? басыңыз)		
10.94.YY ТАСЫМАЛДАУ ҚҰЛЫПТАРЫН <АЙМАҚ> КАРТРИДЖДЕН АЛЫП ТАСТАҢЫЗ Анықтама алу үшін ? басыңыз	Кемінде, бір тасымалдау құлпы орнатылған.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жоғарғы қақпағын ашыңыз. 2. Таспаны суырып, баспа картриджін шығарыңыз. 3. Қызғылт-сары тілдерін баспа картриджден алып тастаңыз. 4. Баспа картридж жерінен пластмассалық қоспа мен көбікті алып тастаңыз. 5. Баспа картриджін қайта салып, жоғарғы қақпағын жабыңыз.
10.XX.YY ЖҮКТЕУ ЖАДЫНЫҢ ҚАТЕЛІСІ Анықтама алу үшін ? басыңыз	<p>Өнімнің бір немесе бірнеше қамсыздандыру материалдарында қате пайда болды. XX және YY мәндері төменде көрсетілген:</p> <p>XX00 = жадта ақау бар</p> <p>XX01 = жад жоқ</p> <p>YY00 = картридж</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Хабарды өшіру үшін өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
11.<XX> ІШКІ САФАТ ҚАТЕСІ Жалғастыру үшін ОК басыңыз	Нақты уақыт сағатында қате пайда болды.	Баспа жалғаса береді, бірақ өнімді әр қосқан сайын ескертпе көрсетіледі. Бұл мәселені шешу үшін, HP-өкілетті қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
13.JJ.NT <ОРЫН> ЖЕРДЕ ҚАҒАЗ КЕПТЕЛДІ	Көрсетілген жерде қағаз кептеліп қалды.	<p>Көрсетілген жерден кептелген қағазды алып тастаңыз.</p> <p>Егер барлық кептелген қағаздарды алып тастағаннан кейін хабар өшірілмесе, онда сенсор тұрып немесе бұзылып қалған. HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
13.JJ.NT <ОРЫН> ЖЕРДЕ ҚАҒАЗ КЕПТЕЛДІ	Көрсетілген жерде қағаз кептеліп қалды.	<p>Көрсетілген жерден кептелген қағазды алып тастаңыз.</p> <p>Егер барлық кептелген қағаздарды алып тастағаннан кейін хабар өшірілмесе, онда сенсор тұрып немесе бұзылып қалған. HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
13.JJ.NT ҚАҒАЗ КЕПТЕЛДІ. КІРІС НАУАЛАРЫН АШЫҢЫЗ келесімен ауысып тұрады Барлық науаларды ашыңыз	Кіріс науасында қағаз кептелді.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жоғарғы қақпағын ашыңыз. 2. Баспа картриджін және қағаздарды алып тастаңыз. 3. Картриджді қайта орнатып, жоғарғы қақпағын жабыңыз. 4. Барлық науаларды жабыңыз.
13.JJ.NT ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ	Сыртқы құрылғы ескерту жіберді.	Ешқандай әрекеттің қажеті жоқ.

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>1 НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін OK басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>1 НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Анықтама алу үшін басыңыз ? (Көмек алу үшін басыңыз)</p>	<p>1-Науа бос және басқа науалар жұмысқа дайын.</p>	<p>Басқа науаны пайдалану үшін OK басыңыз.</p> <p>1-Науаны пайдалану үшін оған қажетті қағаз салыңыз.</p> <p>Егер қағаз 1-Науаның ішінде болса, ? Анықтама батырмасын басып, содан кейін OK арқылы басып шығарыңыз.</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін қағазды 1-Науадан алып тастап, OK басып жалғастырыңыз.</p>
<p>1 НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>1 НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Көмек алу үшін басыңыз ? (Көмек алу үшін басыңыз)</p>	<p>1-Науа бос.</p>	<p>1-Науаға сұранған қағазды салыңыз</p> <p>Егер қағаз 1-Науаның ішінде болса, ? Анықтама батырмасын басып, содан кейін OK арқылы басып шығарыңыз.</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін қағазды 1-Науадан алып тастап, OK басып жалғастырыңыз.</p>
<p>21 ҚАҒАЗ ӨТЕ ҚҰРМАЛАС</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>21 ҚАҒАЗ ӨТЕ ҚҰРМАЛАС</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p>	<p>Өнімге жіберілген деректер (тығыз мәтін, ережелер, растрлық немесе векторлық графика) өте құрмалас.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жіберілген деректерді басып шығару үшін OK басыңыз (кейбір деректер жоғалуы мүмкін). 2. Егер бұл хабар жиі шығатын болса, баспа тапсырмасын жеңілдетіңіз немесе қосымша жад орнатыңыз.
<p>22 EIO X БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТТІ</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p>	<p>Көрсетілген [X] ұяшықтағы EIO карточкасына тым көп деректер жіберілген. Қате байланыс протоколы пайдаланылған болуы мүмкін.</p> <p>Ескертпе: EIO 0 картасы HPJetdirect енгізілген баспа серверіне бекітілген.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тазарту үшін OK басыңыз. (Басып шығару тапсырмасы орындалмайды.) 2. Хост конфигурациясын тексеріңіз. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>22 USB I/O БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТКЕН</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p>	<p>USB портына тым көп деректер жіберілген.</p>	<p>Қате туралы хабарды өшіру үшін OK басыңыз. (Басып шығару тапсырмасы орындалмайды.)</p>
<p>22 ЕНГІЗІЛГЕН I/O БУФЕРІ ТОЛЫП КЕТТІ</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p>	<p>Өнімнің ішкі HP Jetdirect баспасына тым көп деректер жіберілген.</p>	<p>Жалғастыру үшін OK басыңыз. Кейбір деректер жоғалып кетуі мүмкін.</p>
<p>40 EIO X ЖІБЕРУ ОПЕРАЦИЯСЫ НАШАР БОЛДЫ</p> <p>Жалғастыру үшін OK басыңыз</p>	<p>Аталмаш [X] ұяшығында өнім мен EIO карточкасының арасындағы байланыс үзілді.</p> <p>Ескертпе: EIO 0 картасы HPJetdirect енгізілген баспа серверіне бекітілген.</p>	<p>Қате туралы хабарды өшіріп, басып шығару жұмысын жалғастыру үшін OK басыңыз.</p>
<p>40 ЕНГІЗІЛГЕН I/O ЖІБЕРУ ОПЕРАЦИЯСЫ НАШАР БОЛДЫ</p>	<p>Өнім мен HPJetdirect баспа серверінің арасындағы байланыс үзілді.</p>	<p>Қате туралы хабарды өшіріп, басып шығару жұмысын жалғастыру үшін OK басыңыз.</p>

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
Жалғастыру үшін ОК басыңыз		
<p>41.3 НАУАДА КҮТПЕГЕН ӨЛШЕМ БАЙҚАЛДЫ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>XX НАУАНЫ [ТҮРІ] [ӨЛШЕМІ] ТОЛТЫРЫҢЫЗ</p> <p>Басқа науаны пайдалану үшін ОК басыңыз</p>	<p>Бұның себебі әдетте екі немесе одан көп парақтың өнімде кептеліп қалуы немесе науаның дұрыс реттелмеуі.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Науаға өлшемі дұрыс парақты салыңыз. 2. Бағдарламалық құралда, принтердің драйверінде және басқару панелінде көрсетілген парақтың өлшемі бір екенін тексеріңіз. 3. ОК басып TRAY XX SIZE= (XX НАУАСЫНЫҢ ӨЛШЕМІ=) барыңыз. Өнім басып шығару тапсырмасына қажетті өлшемі бар науаны пайдаланатындай науадағы өлшемнің конфигурациясын өзгертіңіз. 4. Егер қателік өшірілмесе, өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 5. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>41.X ҚАТЕСІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>41.X ҚАТЕСІ</p> <p>Жалғастыру үшін ОК басыңыз</p>	<p>Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. ОК басыңыз. Егер кептелуді жою функциясы қосылған болса, қатесі бар бет өздігінен қайта басылып шығады. 2. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 3. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>49.XXXX ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Күрделі аппараттық қателік пайда болды.</p> <p>Бұл қателік өнімнің аппараттық немесе микробағдарламалық жабдыққа тікелей қатысы жоқ бірнеше сыртқы әсерлердің кесірінен болуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Компьютердің операциялық жүйесі • Желілік байланыс • Принтер драйвері • Бағдарламалық құрал • Құжат файлы <p>Мәселенің себебін оқшаулауға көмектесу үшін қателік пайда болар алдындағы орындап жатқан әрекеттеріңізді айқындаңыз.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріп, 20 минутқа қалдырыңыз, содан соң қайта қосыңыз. 2. Егер қатенің себебін сыртқы әсерге оқшаулай алсаңыз, мәселенің сыртқы құрамдасты жөндеу арқылы шешіп көріңіз. 3. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>50.X Термобекіткіш қателігі</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p>	<p>Термобекіткіш қателігі пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
		көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>51.XY ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>51.XY ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<p>1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>52.XY ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>52.XY ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<p>1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>53.XY.ZZ RAM DIMM МОДУЛІНІҢ <X> ҰЯШЫҒЫН ТЕКСЕРІҢІЗ</p>	<p>Өнім жадында ақаулық бар. Қателік туғызған DIMM модулі пайдаланылмайды.</p> <p>X және Y мәндері келесі:</p> <ul style="list-style-type: none"> X = DIMM түрі, 0 = ROM, 1 = RAM Y = DIMM орны, 0 = Ішкі жад (ROM немесе RAM), 1 = DIMM ұяшығы 1 	<p>Егер ескертілсе, жалғастыру үшін OK басыңыз.</p> <p>Егер хабар өшірілмесе, аталмыш DIMM модулін ауыстыру қажет болуы мүмкін. Өнімді өшіріп, қателік туғызған DIMM модулін ауыстырыңыз.</p>
<p>54.XX ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Бұл хабар әдетте сенсор мәселесіне байланысты.</p>	<p>Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>55.XX.YY DC КОНТРОЛЛЕР ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>55.XX.YY DC КОНТРОЛЛЕР ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<p>1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>56.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>56.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Қате жіберу -алу сұрауының нәтижесі ретіндегі уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<p>1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.</p> <p>2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>57.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>57.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Өнім желдеткішінің бірінде уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>58.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>58.<XX> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Өнім қателігі жад тегінің CPU қателігі табылған жерінде пайда болды немесе ауа сенсорында немесе электр қорегіне байланыс ақаулық бар.</p>	<p>Электр қорегіне байланысты мәселелерді шешу үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді UPS электр қоректерінен, қосымша қоректерден немесе қорек шиналарынан ажыратып тастаңыз. Өнімді торап розеткасына қосып, мәселенің шешілетінін/ шешілмейтінін көріңіз. 2. Егер өнім торап розеткасына қосылып тұрған болса, онда бұл тораптан басқа тәуелсіз ғимараттағы электр қорегіне қосып көріңіз. <p>Өнім қосылып тұрған жердегі желілік кернеу мен тоқты электр сипаттамаларына сай келетінін тексеру қажет болуы мүмкін.</p> <p>Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>59.<XY> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>59.<XY> ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Уақытша басып шығару қателігі пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>60.<X> ҚАТЕЛІГІ</p>	<p>Өнім X белгіленген науаны көтеру әрекетін жасау кезінде қателік пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Науаны ашып, қағазды алып тастаңыз. 2. Бағыттауыштарды ашып, науаның ішіндегі жыртылған парақтарды немесе бөтен заттардың болуын тексеріңіз. 3. Парақты ауыстырып, науаны жабыңыз. 4. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 5. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.


Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>62 ЖҮЙЕ ЖОҚ</p> <p>Жалғастыру үшін өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Бұл хабар ешқандай жүйе жоқ екенін білдіреді. Өнімнің бағдарламалық жабдық жүйесінің ақауы бар.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. 2. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>65.XY.ZZ ШЫҒЫС ҚҰРЫЛҒЫСЫ АЖЫРАТЫЛҒАН</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p>	<p>Шығыс құрылғысы өнім қосылып тұрған кезінде алынған.</p>	<p>Басып шығару операциясын жалғастыру үшін келесе әрекеттердің біреуін орындауыңыз қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығыс құрылғысын қайта қосыңыз. • Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз. <p>Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.</p>
<p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Сыртқы парақ реттейтін контроллер ақаулықты анықтады.</p>	<p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз.</p>
<p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Сыртқы парақ реттейтін контроллер ақаулықты анықтады.</p>	<p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз.</p>
<p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Сыртқы парақ реттейтін құралда қателік пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз. 2. Құрал орнында дұрыс отырғанын, өнімге дұрыс қосылып тұрғанын және өнім мен құралдың арасында ешқандай бос орын жоқ екенін тексеріңіз. Егер құрал кабельдерді пайдаланатын болса, оларды ажыратып, қайта қосыңыз. 3. Өнімді қайта қосыңыз. 4. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.

Кесте 10-1 Басқару панеліндегі хабарлар (жалғасы)

Басқару панелінің хабары	Сипаттамасы	Ұсынылатын әрекет
<p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>66.XY.ZZ КІРІС ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Өшіріңіз, байланысты тексеріңіз, қайта қосыңыз</p>	<p>Сыртқы парақ реттейтін құралда қателік пайда болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өнімді өшіріңіз. 2. Құрал орнында дұрыс отырғанын, өнімге дұрыс қосылып тұрғанын және өнім мен құралдың арасында ешқандай бос орын жоқ екенін тексеріңіз. Егер құрал кабельдерді пайдаланатын болса, оларды ажыратып, қайта қосыңыз. 3. Өнімді қайта қосыңыз. 4. Егер хабар өшірілмесе, HP өкілеттігі бар қызметпен немесе қолдау көрсететін провайдермен байланысыңыз.
<p>66.XY.ZZ ҚЫЗМЕТ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Анықтама алу үшін ? басыңыз</p> <p>келесімен ауысып тұрады</p> <p>66.XY.ZZ ҚЫЗМЕТ ҚАТЕЛІГІ</p> <p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз</p>	<p>Сыртқы парақ реттейтін контроллер ақаулықты анықтады.</p>	<p>Кабельдерді тексеріңіз. Содан кейін, өшіріп, қайта қосыңыз.</p>
